



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

№4, 28-құжат; №16, 131-құжат; №18, 143-құжат; №20, 153-құжат; 2008 ж., №12, 52-құжат; №13-14, 58-құжат; №21, 97-құжат; №23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., №2-3, 7, 16, 18-құжаттар; №8, 44-құжат; 2017 ж., №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; №24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., №1-2, 2-құжат; №7, 28-құжат; №15, 71-құжат; №17-18, 112-құжат; 2011 ж., №2, 21, 28-құжаттар; №3, 32-құжат; №4, 37-құжат; №5, 43-құжат; №6, 50-құжат; №16, 129-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №1, 5-құжат; №2, 13, 15-құжаттар; №6, 43-құжат; №8, 64-құжат; №10, 77-құжат; №11, 80-құжат; №20, 121-құжат; №21-22, 124-құжат; №23-24, 125-құжат; 2013 ж., №7, 36-құжат; №10-11, 56-құжат; №14, 72-құжат; №15, 76-құжат; 2014 ж., №4-5, 24-құжат; №10, 52-құжат; №11, 61, 63-құжаттар; №14, 84-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №7, 34-құжат; №8, 42, 45-құжаттар; №13, 68-құжат; №15, 78-құжат; №16, 79-құжат; №20-1, 110-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 115-құжат; №21-1, 128-құжат; №22-1, 140, 143-құжаттар; №22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №7-II, 55-құжат; №8-II, 70-құжат; №12, 87-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №15, 55-құжат; №22-III, 109-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) мазмұнында 291-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «291-бап. Бойрышты төлеу арқылы міндеттемені орындау»; 2) 58-баптың 9-тармағы алып тасталсын; 3) 128-1-баптың 1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы құралы – операциялар нәтижесінде бір тұлғада – қаржы активі және басқасында қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал бір мезгілде туындайтын ақша, туындай бағалы қағаздарлы қоса алғанда, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және басқа да қаржы құралдары.

2. Қаржы активі – басқа тұлғаның ақшасын, үлестік құралын білдіретін кез келген актив, басқа тұлғадан ақшаны немесе өзге де қаржы активін алуға немесе басқа тұлғамен өзі үшін ықтимал тиімді шарттарда қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерді алмасуға арналған шарттық құқық немесе есеп айырысу тұлғаның меншікті үлестік құралдарымен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін және бұл ретте, тұлғада меншікті үлестік құралдардың ауыспалы санын алу міндеті болатын немесе пайда болуы мүмкін туынды құрал болып табылатын немесе есеп айырысу тіркелген ақша сомасын немесе өзге де қаржы активін тұлғаның меншікті үлестік құралдарының тіркелген санына алмастыру жолына қарағанда кез келген өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін туынды құрал болып табылатын осындай шарт.

3. Қаржылық міндеттеме – басқа тұлғаның ақшасын немесе өзге де қаржы активін берудің немесе басқа тұлғамен өзі үшін ықтимал тиімсіз шарттарда қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерін алмасудың шарттық міндетін білдіретін кез келген міндеттеме, немесе есеп айырысу тұлғаның меншікті үлестік құралдарымен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін және бұл ретте, тұлғада меншікті үлестік құралдардың ауыспалы санын беру міндеті болатын немесе беру міндеті пайда болуы мүмкін туынды емес құрал болып табылатын немесе есеп айырысу тіркелген ақша сомасын немесе өзге де қаржы активін тұлғаның меншікті үлестік құралдарының тіркелген санына алмастыру жолына қарағанда кез келген өзге тәсілмен жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін туынды құрал болып табылатын шарт»;

4) 229-бап мынадай редакцияда жазылсын: «229-бап. **Шарқта қатысушылардың ортақ істерін жүргізу** Бірлескен қызмет туралы шарқта қатысушылардың ортақ істерін жүргізу олардың ортақ келісімі бойынша жүзеге асырылады. Өзара келісу бойынша олар бірлескен қызметке басшылық етуді және ортақ істерді жүргізуді, бұл жағдайда шарқта қалған қатысушылар бөрген сенімхат негізінде әрекет ететін қатысушылардың біріне немесе осы Кодекстің 823-бабында көзделген жағдайда үшінші тұлғаға тапсыра алады.»;

5) 291-бапта: тақырып мынадай редакцияда жазылсын: «291-бап. Бойрышты төлеу арқылы міндеттемені орындау»; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: «3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздердің салдарынан орындалуы мүмкін екен бағалы қағаздар нарығындағы жекелеген міндеттемелерді орындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.»

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының **Азаматтық кодексіне** (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жарыясы, 1999 ж., №16-17, 642-құжат; №23, 929-құжат; 2000 ж., №3-4, 66-құжат; №10, 244-құжат; №22, 408-құжат; 2001 ж., №23, 309-құжат; №24, 338-құжат; 2002 ж., №10, 102-құжат; 2003 ж., №1-2, 7-құжат; №4, 25-құжат; №11, 56-құжат; №14, 103-құжат; №15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., №3-4, 16-құжат; №5, 25-құжат; №8, 42-құжат; №16, 91-құжат; №23, 142-құжат; 2005 ж., №21-22, 87-құжат; №23, 104-құжат; 2006 ж., №4, 24, 25-құжаттар; №8, 45-құжат; №11, 55-құжат; №13, 85-құжат; 2007 ж., №3, 21-құжат; №4, 28-құжат; №5-6, 37-құжат; №8, 52-құжат; №9, 67-құжат; №12, 88-құжат; 2009 ж., №2-3, 16-құжат; №9-10, 48-құжат; №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; №24, 134-құжат; 2010 ж., №3-4, 12-құжат; №5, 23-құжат; №7, 28-құжат; №15, 71-құжат; №17-18, 112-құжат; 2011 ж., №3, 32-құжат; №5, 43-құжат; №6, 50, 53-құжаттар; №16, 129-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 13, 14, 15-құжаттар; №8, 64-құжат; №10, 77-құжат; №12, 85-құжат; №13, 91-құжат; №14, 92-құжат; №20, 121-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №4, 21-құжат; №10-11, 56-құжат; №15, 82-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №4-5, 24-құжат; №11, 61, 69-құжаттар; №14, 84-құжат; №19-1, 19-11, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №7, 34-құжат; №8, 42, 45-құжаттар; №13, 68-құжат; №15, 78-құжат; №19-1, 100-құжат; №19-11, 102-құжат; №20-VII, 117, 119-құжаттар; №22-1, 143-құжат; №22-II, 145-құжат; №22-III, 149-құжат; №22-VI, 159-құжат; №22-VII, 161-құжат; 2016 ж., №7-1, 49-құжат; №7-II, 53-құжат; №8-1, 62-құжат; №12, 87-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №13, 45-құжат; №21, 98-құжат);

1) мазмұнында 750, 817 және 823-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын: «750-бап. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік шот шарты бойынша орындайтын операциялар»;

«817-бап. Сақтандыру мүддесі және сақтандыру жағдайы»; «823-бап. Ортақ сақтандыру және бірлескен қайта сақтандыру»; 2) 747-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік «(банк» деген сөзден кейін «, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік: «банкетгі» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

«банктің» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 749-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде: «Банко» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым)» деген сөздермен толықтырылсын;

«банкетгі» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші және екінші бөліктері «банкетгі» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

«банкетгі» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

«банкке» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға)» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші сөйлемі «банкетгі» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 750-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын: «750-бап. Банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым) банктік шот шарты бойынша орындайтын операциялар»;

1-тармақта:

бірінші абзац «банк» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым)» деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша «банкетті» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдағы)» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

«Банко» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым)» деген сөздермен толықтырылсын;

«банкке» деген сөзден кейін «(банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға)» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 752-баптың 3-тармағы «Банкте» деген сөзден кейін «(банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда)»

деген сөздермен толықтырылсын;

«806-бап. Міндетті және ерікті сақтандыру

1. Міндетті сақтандыру:

1) түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленген, заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру;

2) міндетті сақтандыру туралы талап, сақтандырудың түрлері мен ең төмен талаптары (оның ішінде сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру сомаларының ең төмен мөлшерлері) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленгені, ал сақтандырудың өзге де шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалатын сақтандыру (жүктелген сақтандыру).

2. Азаматқа өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен де, шартпен де жүзеге ойлмайды.

Міндетті сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру экономикалық тұрғыдан негізді, көпшілікке ортақ және әлеуметтік-қоғамдық маңызды болған кезде енгізілуі мүмкін.

3. Сақтандыру міндеті Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінен туындамай, шарқта негізделген жағдайларда, мүдделі сақтандыру міндетті болып табымайды және осы Кодекстің 808-бабында көзделген салдарға алып келмейді.

4. Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасау кезінде сақтанушы Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актісінде жазылған талаптарда сақтандырушымен шарт жасауға міндетті.

Жүктелген сақтандыру кезінде сақтандырушымен шарт Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ең төмен талаптар сақталта отырып, тараптардың келісімінде айқындалған талаптармен жасалады.

5. Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы мүмкін. Түрлері, шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасау сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сақтандырушы үшін міндетті болып табылады.

6. Ерікті сақтандыру – тараптардың ерік білдіруіне қарай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімімен айқындалады.»;

7) 807-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы баптың 2-тармағында көзделген мүлділік мүдделер объектісі болатын не сақтандыру объектісі болмайтын сақтандыру шарттары маңызсыз болып табылады.»;

8) 809-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Кодекстің 817-бабының 3-тармағында көзделген белгілері бар сақтандыру жағдайы басталған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін сақтандыру жинақтаушы емес сақтандыру болып табылады.»;

9) 813-баптың 3-тармағындағы «Сақтанушы» деген сөз «Егер Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, сақтанушы» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 816-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлігтегі «міндетті сақтандыру туралы заң актілеріне» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленген міндетті сақтандыру кезінде пайда алушы – Қазақстан Республикасының осы заңнамалық актісімен, жүктелген сақтандыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен не тараптардың келісімімен айқындалды. Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша пайда алушыны сақтанушы тағайындайды.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы пайда алушы болып табылады.»;

11) 817-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«817-бап. Сақтандыру мүддесі және сақтандыру жағдайы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сақтандыру шарты сақтандыру мүддесінің болуын көздеуге тиіс»;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

«1-1. Сақтандыру мүддесі – жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, сақтанушының (сақтандырушының, пайда алушының) тәуекелдерін болыпжауалауы және сақтандыру жағдайының басталуына жоң бермеудегі мүлділік мүддесі.

1-2. Сақтандыру жағдайы – басталған кезде сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға»;

2-тармақтың «міндетті сақтандыру туралы заң актілерімен» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы (жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда) болуға тиіс:

оқиғаның басталуы ықтималдығы мен кездейсоқтығы; оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;

оқиға шарттын қолданылуы шетінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, сақтанушы көрінеу білді немесе алып ал хабарлар болды деген қауіптің болмауы;

оқиғаның басталуында сақтанушының (сақтандырушының, пайда алушының) мүлділік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;

оқиғаның басталуы сақтанушының (сақтандырушының, пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) ынғылмен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі»;

12) 818-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігін және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістерді (шекпен залалдарды), сондай-ақ осы Кодекстің 845-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақылары оған меншік құқығымен тиесілі болады.

2. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерлері Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

Сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тәртібі мен мерзімдері шартта айқындалады. Міндетті сақтандыру кезінде олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалуы мүмкін.»;

13) 819-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сақтандыру сомаларының мөлшерлері (аннуитеттік сақтандыру шарттары мен сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттарын қоспағанда) шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру кезінде олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мөлшерлерден кем болмайды.»;

14) 820-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау тәртібі шартта белгіленеді. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемінің мөлшерлерін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрін реттейтін жекелеген заңнамалық актісінде белгіленеді.

3. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері шартта айқындалады.

Міндетті сақтандыру бойынша олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалуы мүмкін.»;

8-тармақтағы «міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде» деген сөздер «Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 823-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«823-бап. **Ортақ сақтандыру және бірлескен қайта сақтандыру**

1. Сақтандыру объектісі бірлескен қызмет (ортақ сақтандыру) туралы шарт негізінде жай серіктестік (сақтандыру пулын) құру арқылы бірнеше сақтандырушымен бірлесіп бір ортақ сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін.

Қайта сақтандыру объектісі бірлескен қызмет (бірлескен қайта сақтандыру) туралы шарт негізінде жай серіктестік (қайта сақтандыру пулын) құру арқылы бірнеше қайта сақтандырушымен бірлесіп бір бірлескен қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандырылуы мүмкін.

Бұл ретте ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шартында әрбір сақтандырушының (қайта сақтандырушының) келісілген үлесердегі құқықтары мен міндеттерін айқындайтын талаптар қамтылуға тиіс.

Егер ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылар сақтанушының (пайда алушының) немесе қайта сақтанушының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының міндеттемелері бойынша, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін ортақтасып жауап береді.

2. Сақтандырушылар (қ



## (Жалғасы. Басы 1, 9-беттерде)

3) 230-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасауға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасаспауы –»;

4) 242, 254 және 258-баптар алып тасталсын;

5) 261-және 262-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

**«261-бап. Эмитенттің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру шарттары мен тәртібі бұзы**

1. Эмитенттің орталық депозитарийге бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүyesіндегі эмитенттің жеке шоттары бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін құжаттарды бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) ұсынбауы және (немесе) уақтылы ұсынбауы –

– шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Эмитенттің осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әрекеттерді қоспағанда, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібі бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзыуы –

– шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, шет мемлекеттің аумағында мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару және (немесе) орналастыру және (немесе) қызметін шет мемлекеттің аумағында жүзеге асыратын көр біржасының бағалы қағаздары тізіміне мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды енгізу шарттары мен тәртібі бұзыуы –

– заңды тұлғаларға эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудан алынған ақша сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Эмитенттің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуге қойылатын талаптарды бұзыуы, эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларды шығару талаптарын бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) бұзыуы –

– шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе:

Егер құқық бұзушылық анықталған кезде эмитент: қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырылған болса және мәжбүрленп таратылуға жатса не мәжбүрленп тарату процесінде болса;

– сот банкрот деп таныса, осы бапта белгіленген әкімшілік жауаптылыққа эмитенттер тартылмайды;

**262-бап. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу**

1. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің ірі мәмілені және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпті және (немесе) шарттарды сақтамауы –

– шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының бағалы қағаздар нарығында өзі жүзеге асыратын кәсіби қызмет шеңберінде шарттары Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына қайшы келетін қаржы құралдарымен мәмілені және (немесе) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында жасаудан бас тарту үшін негіздер көзделген мәмілені жасауы –

– орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

3. Брокердің және (немесе) дилердің мәмілені жасау кезінде клиенттің тапсырысы болмай оны жасауы –

– орта кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

4. Инсайдерлердің қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ, бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға заңсыз беру, үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы ұсыныстар немесе ұсыныстар беру жөніндегі әрекеттері және (немесе) эмитенттерге инсайдерлер деп танылған заңды тұлғалардың осы эмитенттерге қатысты ақпарат беру жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауы, егер бұл әрекеттер ірі залал келтірмесе –

– жеке тұлғаға екі жүз, лауазымы алаға – төрт жүз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

5. Эмитент және ол шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпаратқа білік етуге және оны пайдалануға бақылауды жүзеге асыру бөлігінде эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзыуы.

– шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – үш жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

6. Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіпін және шарттарда өз қызметі туралы аяқ емес және (немесе) толық емес ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан көп рет) жария етуі және (немесе) ақпаратты белгіленген мерзімдерде жария етпеуі –

– елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ескертпе:

Осы баптың алтыншы бөлігінің максаттары үшін, өз қызметі туралы ақпарат деп бағалы қағаздар нарығы субъектісі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес жария етуге жататын ақпарат түсініледі.

Бағалы қағаздар нарығының субъектілері:

1) ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіпін және шарттарда, осы ақпаратты ашу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер аяқталған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешігірмей жария етілген жағдайда;

2) егер құқық бұзушылық анықталған кезде бағалы қағаздар нарығының субъектісі:

– қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырылған болса және мәжбүрленп таратылуға жатса не мәжбүрленп тарату процесінде болса;

– сот банкрот деп таныса, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартуға жатпайды.;

6) 263-бап алып тасталсын;

7) 285-1-бапта:

– тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«285-1-бап. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттерді шоттарын жүргізу құқығына не қастодиандардың, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сақтандыру ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы;

– бірінші бөліктің бірінші абзацындағы « бірінғай тіркеушілер» деген сөздер алып тасталсын;

8) 612-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өзімен бірге жүргізуші куәлігі немесе жүргізуші куәлігінің орнына берілген басқару құқығына арналған уақытша куәлігі, көлік құралына тіркеу және заңнамда белгіленген өзге де құжаттары жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруы –»;

9) 724-баптың бірінші бөлігіндегі «242», «254», «258» және «263» деген цифрлар алып тасталсын;

10) 797-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) осы Коллекстің 230 (екінші бөлігінде), 367, 368, 370, 372, 381, 382, 383, 392, 393, 394, 395, 396, 506, 510, 511, 512, 513, 514, 515, 516, 517, 571, 572, 573, 575, 581, 582, 586, 589, 590 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде), 593 (екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде), 597 (үшінші, төртінші бөліктерінде), 608, 612 (бірінші, екінші, төртінші, бесінші бөліктерінде), 613 (екінші бөлігінде), 654 (590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 604, 607, 610, 611, 612, 613-баптарда көзделген құқық бұзушылықтар бөлігінде)-баптарында көрсетілген бұзушылықтар жасалған кезде осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралдарын, кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді уақытша сақтау үшін оларды арнайы алаңдарға, тұрақтарға немесе стационарлық көлік бақылау бекетіне іргелес жатқан алаңдарға жеткізу, оның ішінде басқа да көлік құралын (автомобиль), кемени немесе шағын көлемді кемени пайдалана отырып жеткізу арқылы, кідірту себептері жойылғанға дейін кідіртуге, жеткізуге және пайдаланылуына тыйым салуға құқылы».

**4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процесітік кодексіне** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., №7-ІІ, 55-құжат; №12, 87-құжат; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №4, 7-құжат; №8, 16-құжат; №16, 56-құжат; №21, 98-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстансақа правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

370-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы «тіркеушіге» деген сөз «орталық депозитарийге» деген сөздермен ауыстырылсын;

**5. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне** (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., №22-І, 22-ІІ, 107-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстансақа правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) мазмұнында 27-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына не қастодиандардың, орталық депозитарийдің, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттер»;

2) 19-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы «бірінғай тіркеушіден» деген сөздер «орталық депозитарийден» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 27-бапта:

– тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«27-бап. Бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылар ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына не қастодиандардың, орталық депозитарийдің, брокерлердің және (немесе) дилерлердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының салық органдарымен өзара іс-қимылы кезіндегі міндеттер»;

1-тармақтың бірінші абзацындағы «бірінғай тіркеуші» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

**6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №3-4, 23-құжат; №12, 88-құжат; №15-16, 100-құжат; №23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №2, 184-құжат; №11-12, 262-құжат; №19, 370-құжат; 1997 ж., №13-14, 205-құжат; №22, 333-құжат; 1998 ж., №11-12, 176-құжат; 1999 ж., №20, 727-құжат; 2000 ж., №3-4, 66-құжат; №22, 408-құжат; 2001 ж., №8, 52-құжат; №10, 123-құжат; 2003 ж., №15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., №11-12, 66-құжат; №16, 91-құжат; №23, 142-құжат; 2005 ж., №14, 55-құжат; №23, 104-құжат; 2006 ж., №4, 24-құжат; №13, 86-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №3, 20-құжат; №4, 33-құжат; 2009 ж., №8, 44-құжат; №13-14, 63-құжат; №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №13, 116-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №1, 6-құжат; №2, 14-құжат; №13, 91-құжат; №20, 121-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №11, 61-құжат; №14, 84-құжат; №16, 90-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №22-ІІ, 148-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №1, 4-құжат; №6, 45-құжат; №12, 87-құжат; 2017 ж., №6, 11-құжат; №9, 21-құжат; №16, 56-құжат; №24, 115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстансақа правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

20-4-баптың 4-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерінсөйтіп қаржы ұйымдарының, олардың филиалдары мен уәлесет тұлғаларының, Қазақстанның Дам Банкінің, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, бағалы қағаздар нарығының өзге де субъектілерінің, бағалы қағаздар эмитенттерінің, кредиттік бірлорлардың, банк холдингітерінің, банк конгломераттарының, банктің ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингітерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру ұйымдары мәжбүрленп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтан-дырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның ірі қатысушыларының, сақтандыру нарығында ақтарулық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарийлердің, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларының, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банк холдингінің, сақтандыру холдингінің ірі қатысушысы белгілері бар тұлғалардың, кәсіби ұйымдардың, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің, төлем жүйелеріне қатысушылардың, төлем жүйелері операторлары мен операциялық орталықтарының, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қызметтер көрсетуге уәкілетті берілген кез келген өзге де тұлғаның, көрсетілген төлем қызметтерін берушілердің, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем қызметтерін көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті берілген кез келген өзге де тұлғаның, сондай-ақ валюталық операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың, банкердің уақытша әкімшіліктерінің (уақытша әкімшіліктерінің), тарату комиссияларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі – тексерілген субъект) қызметіне тексерулерді жүзеге асырған жағдайда, лауазымдық өкілеттіктерін нақты және бетпағар орындауына келергі келтіруі мүмкін барлық мән-жай туралы, оның ішінде»;

**7. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №3-4, 35-құжат; №15-16, 109-құжат; №20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №1, 180-құжат; №14, 274-құжат; 1997 ж., №12, 183-құжат; 1998 ж., №5-6, 50-құжат; №17-18, 22-құжат; 1999 ж., №20, 727-құжат; 2000 ж., №3-4, 63, 64-құжаттар; №22, 408-құжат; 2001 ж., №1, 1-құжат; №8, 52-құжат; №24, 338-құжат; 2002 ж., №18, 157-құжат; 2003 ж., №4, 25-құжат; №15, 139-құжат; 2004 ж., №5, 30-құжат; 2005 ж., №13, 53-құжат; №14, 55, 58-құжаттар; №23, 104-құжат; 2006 ж., №10, 52-құжат; №15, 95-құжат; №23, 141-құжат; 2007 ж., №3, 20-құжат; 2008 ж., №12, 52-құжат; №23, 114-құжат; №24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., №24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., №1-2, 2-құжат; №5, 23-құжат; 2011 ж., №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; №17, 136-құжат; 2012 ж., №2, 14-құжат; №13, 91-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №4-5, 24-құжат; №21, 82-құжат; №14, 84-құжат; №19-І, 19-ІІ, 96-құжат; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 42-құжат; №15, 78-құжат; №16, 79-құжат; №20-IV, 113-құжат; №22-VI, 159-құжат; №23-І, 169-құжат; 2016 ж., №24, 124-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №22-III, 109-құжат);

14-баптың үшінші бөлігіндегі «Шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүyesін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктер» деген сөздер «Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

**8. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., №15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., №2, 184-құжат; №15, 281-құжат; №19, 370-құжат; 1997 ж., №5, 58-құжат; №13-14, 205-құжат; №22, 333-құжат; 1998 ж., №11-12, 176-құжат; №17-18, 224-құжат; 1999 ж., №20, 727-құжат; 2000 ж., №3-4, 66-құжат; №22, 408-құжат; 2001 ж., №8, 52-құжат; №9, 86-құжат; 2002 ж., №17, 155-құжат; 2003 ж., №5, 31-құжат; №10, 51-құжат; №11, 56, 67-құжаттар; №15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., №11-12, 66-құжат; №15, 86-құжат; №16, 91-құжат; №23, 140-құжат; 2005 ж., №7-8, 24-құжат; №14, 55, 58-құжаттар; №23, 104-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №4, 24-құжат; №8, 45-құжат; №11, 55-құжат; №16, 99-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., №17-18, 72-құжат; №20, 88-құжат; №23, 114-құжат; 2009 ж., №2-3, 16, 18, 21-құжаттар; №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; №24, 134-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №7, 28-құжат; №17-18, 111-құжат; 2011 ж., №3, 32-құжат; №5, 43-құжат; №6, 50-құжат; №12, 111-құжат; №13, 116-құжат; №14, 117-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 15-құжат; №8, 64-құжат; №10, 77-құжат; №13, 91-құжат; №20, 121-құжат; №21-22, 124-құжат; №23-24, 125-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; №15, 76-құжат; 2014 ж., №1, 9-құжат; №4-5, 24-құжат; №6, 27-құжат; №10, 52-құжат; №11, 61-құжат; №12, 82-құжат; №19-І, 19-ІІ, 94, 96-құжаттар; №21, 122-құжат; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №13, 68-құжат; №15, 78-құжат; №16, 79-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 115-құжат; №21-ІІ, 130-құжат; №21-III, 137-құжат; №22-І, 140, 143-құжаттар; №22-III, 149-құжат; №22-V, 156-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №7-ІІ, 55-құжат; №8-І, 65-құжат; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат; №9, 21-құжат; №13, 45-құжат; №21, 98-құжат; №22-III, 109-құжат; №23-III, 111-құжат; №24,

115-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстансақа правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 17-2-баптың 4-тармағында:

**(Жалғасы. Басы 1, 9-10-беттерде)**

орналастыру талаптары туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

11. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – сақтандыру брокерінің Қазақстан Республикасында уәкілетті органның лицензиясы негізінде сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыратын еншілес ұйымы болған жағдайда, сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезиденті – сақтандыру брокері филиалының және Қазақстан Республикасының бейрезиденті – сақтандыру брокерінің делдалдығы арқылы Қазақстан Республикасының бейрезиденті – кайта сақтандыру ұйымына кайта сақтандыруға бере алады. Уәкілетті органның лицензиясы негізінде сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – сақтандыру брокерінің еншілес ұйымы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес, Қазақстан Республикасының бейрезиденті – осы сақтандыру брокерінің делдалдығы арқылы сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымы жасақан кайта сақтандыру шарттары туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

12. Сақтандыру ұйымын құру, оның қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату бөлігіндегі осы Заңның нормалары кайта сақтандыруды қызметтің айрықша түрі ретінде жүзеге асыратын кайта сақтандыру ұйымдарын құру, олардың қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату талаптарына қолданылады.»;

6) 10-бап мынадай мазмұндағы 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«11-1) сақтандыру ұйымдары таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым;

11-2) дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым;»;

7) 10-1 және 10-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

**«10-1-бп. Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокері бірлестігінің өкілеттіктері**

1. Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің өкілеттіктеріне:

1) сақтандыру нарығында қызметін жүзеге асыру кезінде өз мүшелерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету;

2) ішкі құжаттарды әзірлеу;

3) сақтандыру нарығына қатысушыларға оқутуды өткізу;

4) мүшелерінің арасында туындайтын дауларды қарау;

5) өз мүшелерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

6) сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды ақтимал бұзушылықтары туралы мәліметтерді уәкілетті органға жіберу;

7) құрылтай құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

2. Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерінің бірлестіктері уәкілетті орган беретін, өз мүшелерінің кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі ақпаратты өз мүшелерінің назарына жеткізуге міндетті.

**«10-2-бп. Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокері бірлестігінің ішкі құжаттары**

Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестіктері мынадай ішкі құжаттары:

1) сақтандыру нарығындағы қызмет стандарттарын;

2) кәсіби әдеп кодексін;

3) дауларды шешу тәртібін;

4) жарығда көзделген өзге де құжаттарды қабылдайды.

Ішкі құжаттарды сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлері бірлестігінің жоғары басқару органы бекітеді және олардың мүшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.»;

8) 3-тарау мынадай мазмұндағы 10-3-баппен толықтырылсын:

**«10-3-бп. Ақтуарийлер бірлестігі**

1. Ақтуарийлер бірлестігі коммерциялық емес ұйым нысанында құрылады, оның қызметі осы Заңмен, «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, ақтуарийлер бірлестігінің құрылтай құжаттарымен реттеледі.

2. Ақтуарийлер бірлестігіне мүшелікке қабылдау және мүшелікті тоқтату шарттары мен тәртібі ақтуарийлер бірлестігінің жарғысында белгіленеді.

Ақтуарийлер бірлестігі өз мүшелерінің тізбесін жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

3. Ақтуарийлер бірлестігі мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) сақтандыру және сақтандыру қызметі саласында ақтуарлық зерттеулер, оның ішінде ақтуарлық бағалауды және мазмұны мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру тарифтеріне сараптама жүргізу;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқигалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдары шеңберінде жасалған ануитеттік сақтандыру шарттары бойынша талдау жүргізу және өмір сүру көрсеткіштерін жанартап отыру;

3) ақтуарийлерді оқутудың міндетті ең төмен бағдарламасы бойынша оқутуды және емтихандарды өткізу;

4) ішкі құжаттарды әзірлеу;

5) өз қызметін жүзеге асыру кезінде өз мүшелерінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету;

6) мүшелерінің арасында туындайтын дауларды қарау;

7) өз мүшелерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасының және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына қайшы келмейтін өзге де функцияларды жүзеге асыру

4. Ақтуарийлер бірлестігінің жұмыскерлері мен мүшелері өз функцияларын жүзеге асыру барысында алған қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін жауапты болады.

5. Ықпал ету шараларын, оларды қолдану тәртібін мен негіздерін, ақтуарийлер бірлестігі мүшелерінің кәсіби әдеп кодексі мен кәсіби практика стандарттарын, мүшелікке қабылдану біліктілік талаптары мен өзге де талаптарды бұзғы туралы істерді қару тәртібін әзірлеу және бекіту ақтуарийлер бірлестігі басқармасының жоғары органның құзыретіне жатады.»;

9) 11-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіптен бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия негізінде, инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (шеккен залалдар) есебінен қалыптастырылған активтерге қатысты инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті;»;

3-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «мазмұны мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын міндетті сақтандыру түрлерін» деген сөздер «түрлері, шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде айқындалатын міндетті сақтандыруды» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға сақтандыру ұйымдарының міндетті қатысуы осы Заңда және Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көзделеді.»;

10) 11-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

«1-2. Сақтандыру ұйымы сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензия алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде сақтандыру омбудсманы өкілдер кенесінің құрамына кіруге міндетті.»;

3, 4 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Сақтандыру қағидаларын және сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымының ішкі қағидаларын директорлар кенесі бекітеді.

Сақтандыру ұйымы сақтандыру шартын электрондық нысанда жасау мүмкіндігі көзделетін сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қағидаларын сақтандырушының интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Ерікті сақтандыру шарттарын тиісті келісім негізінде сақтандыру ұйымының өріпестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып электрондық нысанда жасақан жағдайда, сақтандыру ұйымы сақтандыру қағидаларын олардың интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.»;

«4. Сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымы өз шпатында сақтандыру нарығында ақтуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар ақтуарий болмаса, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы емес.

Сақтандыру нарығында ақтуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар ақтуарий, тәуелсіз ақтуарий ретінде таратылған жағдайларда қоспағанда, өз қызметін басқа сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымдарында қоса атқаруға құқылы емес.»;

«6. Тәуелсіз ақтуарий мынадай талаптарға сай келуге:

1) тексерілетін сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымының жұмыскері болмауға;

2) ақтуарлық қызметте кемінде үш жыл және тексерілетін сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру саласында кемінде екі жыл тәжірибесі болуға және ақтуарийлер бірлестігінің мүшесі болуға;

3) осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайда, ақтуарлық қызметке арналған уәкілетті органның лицензиясы болуға

немесе тізбесі мен талаптарын уәкілетті орган белгілейтін ақтуарийлердің қалықаралық қауымдастығының мүшесі болуға тиіс.»;

11) 12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «5. Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу тәртібі мен ерекшеліктері, сондай-ақ сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

6) консервациялау режиміндегі сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы туралы есепті, кірістері туралы декларацияны, меншігінің бар-жоғы және мөлшері туралы мәліметтерді дайындау және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке ұсыну туралы нұсқаманы;

7) уақытша әкімшіліктің ұсынымдарын қамтуға тиіс.

2. Уәкілетті орган сактандыру (кайта сактандыру) ұйымына консервациялауды жүргізу туралы шешімді қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын екі мерзімді баспасөз басылымында және уәкілетті органның интернет-ресурсында жариялайды. »;

**«55-5-бап. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушысының) қызметін бақылау**

1. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын консервациялау мерзімі ішінде сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы уақытша әкімшілігінің (уақытша басқарушысының) қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады, ол:

1) сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын консервациялау кезеңінде қызметтің негізгі бағыттары туралы ұсынымдар беруге (негізгі іс-шаралар жоспарын ұсынуға);

2) орындауы міндетті жазбаша нұсқаулар беруге;

3) оның қызметі және сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының қызметі туралы акпарат беруді талап етуге;

4) істелген жұмыс туралы есепті тыңдауға;

5) консервациялау мерзімін ұзартуға;

6) сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын консервациялауды аяқтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы уақытша әкімшілігі (уақытша басқарушысы) қызметінің ерекшеліктері және оның үшінші тұлғалармен өзара қарым-қатынас жасау қағидадары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады. »;

43) 56-бапта:

3-1-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3-1. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының уақытша әкімшілігі «жалпы сактандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын лицензиясынан айырған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Заңның 54-1-бабында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен сактандыру портфелін беру туралы шешім қабылдайды. »;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сактандыру ұйымының уақытша әкімшілігі «өмірді сактандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын сактандыру ұйымын лицензиясынан айырған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде:

дереқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның дерекқорынан таратылатын сактандыру ұйымының және «Сактандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кепілдіктер берілетін сактандырудың аннуитетті сыншпарты бойынша таратылатын сактандыру ұйымының аннуитетті сактандыру шарттарының тізілмдерін қалыптастырады және сактандыру ұйымдары мәжбүрлен таратылған жағдайда сактанушыларға (сактандырылушыларға, пайда алушыларға) сактандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымға береді;

сактандыру ұйымдары мәжбүрлен таратылған жағдайда сактанушыларға (сактандырылушыларға, пайда алушыларға) сактандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның аннуитетті сыншпарты бойынша кепілдікті төлемдерді жүзеге асыру туралы хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын екі мерзімді баспасөз басылымында және сактандыру ұйымының интернет-ресурсында жариялайды. »;

44) 59-баптың 1-тармағында:

1-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2) осы Заңның 40-бабы 4-тармағының талаптарын орындамаған. »;

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) егер актуарий уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде бекітілген актуарийлерді оқутудың ең қысқа міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсырғанын жағдайда, алты айға дейін мерзімге тоқтата тұра алады. »;

45) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«61-бап. Акцияларды мәжбүрлен сатып алу**

1. Уәкілетті орган сактандыру (кайта сактандыру) ұйымында активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша оларды сыншыпта ескеріле отырып есептелген құны мен міндеттемелер арасында теріс айырма барын анықтаған кезде уәкілетті орган сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының акцияларын оның акционерінен (акционерлерінен) мәжбүрлен сатып алу туралы шешім қабылдауға және сактандыру мен кайта сактандыру шарттары бойынша барлық міндеттемінен орындауына кепілдік беру жағдайында оларды сатып алуға ниет білдірген жаңа инвесторға (инвесторларға) өткізуге құқылы.

2. Уәкілетті органның сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлен сатып алуы сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы акционерінің акцияларын оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) өткізу мақсатында мәжбүрлен сатып алу туралы өз шешім қабылдаған күні оның нақты төлем қабілеттілігі маржасының мөлшері негізге алынып айқындалатын баға бойынша жүзеге асырылады.

3. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының сатып алынған акцияларын өткізуді уәкілетті орган оларды сатып алу бағасы бойынша жүргізеді.

Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының мәжбүрлен сатып алынатын барлық акциясы нелерінің құқықтары мен міндеттері жаңа инвесторға (инвесторларға) өтеді.

4. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының акцияларын мәжбүрлен сатып алу және оларды кейіннен жаңа инвесторға (инвесторларға) сату тәртібін уәкілетті орган белгілейді. »;

46) 62-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Кайта ұйымдастырылатын сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы (сактандыру холдингі) уәкілетті органның кайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсатын алған күнінен бастап екі апта ішінде өздерінің барлық сактанушысына алдағы өзгерістер туралы тікелей хабарлар ету және тиісті хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын кемінде екі мерзімді баспасөз басылымында және сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының интернет-ресурсында жариялау арқылы хабар беру міндетті. »;

47) 63-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертудері ол белгілеген мерзімде жойылмаған. »;

48) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«65-бап. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын тарату түрлері және негіздері**

1. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымын, оның ішінде банкроттық негізі бойынша тарату осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы:

1) уәкілетті органның рұқсаты болған кезде өз акционерлерінің шешімі бойынша (ерікті таратылуы);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлен таратылуы) таратылуы мүмкін. »;

49) 67-бапта:

4, 5 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы ерікті таратылуға рұқсат алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

5. Сактандыру (кайта сактандыру) ұйымы ерікті таратылуға уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін тарату комиссиясын құрды, оған сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеді. »;

«7. Тарату комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысы сактандыру (кайта сактандыру) ұйымының таратылуы туралы есепті және тарату балансын бекіткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оларды әділет органдары мен уәкілетті органға ұсынуға міндетті. »;

50) 68-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертудері ол белгілеген мерзімде жойылмаған. »;

51) 69-баптың 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3)

**(Жалғасы. Басы 1, 9-13-беттерде)**

Ұйым қызметкерлері өз функцияларын жүзеге асыруы барысында алынған, қызметтік, коммерциялық құпияны, сақтандыру құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.»;

56) 80-бапқа:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2) қолжетімділігі стандартты сақтандыру есебі – сақтандыру жағдайлары, сақтандыру объектісі, сақтандыру агенттері, сақтандыру құпиясына жатпайтын өзге де мәліметтер туралы ақпаратты қамтитын сақтандыру есебі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мыналар:

1) ұйыммен жасалған ақпарат беру туралы шарттар негізінде сақтандырушылар;

2) Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес дереккер субъектілерін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар;

3) уәкілетті орган;

4) ақпарат беру туралы шарттар негізінде өзге де тұлғалар дереккердің қалыптастыру үшін ақпарат берушілер болып табылады.»;

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі арқылы уәкілетті мемлекеттік органдарға көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарына қатысты ақпарат беру мақсатында құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган.»;

6) және 8) тармақшарлар мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде көзделген тәртіптен өзге де тұлғалар.»;

«в) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 830-бабы 5-тармағының 1), 2), 3), 4) және 4-4) тармақшаларында аталған тұлғалар.»;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) ұйыммен жасалған ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттын және дереккер субъектісінің келісімі негізінде банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроаржаы ұйымдары сақтандыру есебін алушылар болып табылады.»;

5-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы баптың 4-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар ұйыммен ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарт жасасқан кезде, сондай-ақ дереккер субъектісінің келісімі болған кезде дереккер субъектілері туралы қолжетімділігі шектеулі және стандартты сақтандыру есептерін алуға құқылы.»;

екінші бөліктегі «1), 2), 3), 6) және 7)» деген сөздер «1), 2), 2-1), 3), 6), 7) және 9)» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген сақтандыру есебін алушылардың сұрау салуы сақтандыру есебін ұсыну үшін негіз болып табылады.

Дереккер сұрау салуды беруге жауапты уәкілетті тұлға осы баптың 4-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылардың атынан сұрау салу береді, ол туралы ақпарат дереккер алушылардың тізімінде болады.

Ұйымның осы баптың 4-тармағының 1), 2), 2-1) және 5) тармақшаларында көрсетілген алушыларға сақтандыру есебін ұсынуы олардың сұрау салуы негізінде қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

Дереккер субъектісіне сақтандыру есебі оны сұрау салуы негізінде қағаз жеткізгіште немесе Қазақстан Республикасының ақпараттарында, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасында белгіленген тәртіптен электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде ұсынылады.

Ұйымның осы баптың 4-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген алушыларға сақтандыру есебін ұсынуы ұйыммен жасалған ақпарат беру және (немесе) сақтандыру есебін алу туралы шартты талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұйымның осы баптың 4-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген алушыға сақтандыру есебін ұсынуы оны сұрау салуы негізінде қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында жүзеге асырылады.

Осы баптың 4-4-тармағының 2), 4) 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген мақсаттарда және тәртіптен ұйымның интернет-ресурсы арқылы сақтандыру есебін алуға құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

«6-1. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар осы баптың 1 және 2-тармақтарында санамаланған ақпаратты «Ақпараттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптарына сәйкес тиісті бағдарламалық қамтылыммен біріктірілген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде тәулік бойы алуға құқылы.»;

57) 81-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында аталған ақпарат берушілер әрбір жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақшаларының көлемдері, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру агенттері, сондай-ақ сақтандыру төлемдерінің сомалары туралы (мүлік және денсаулық бойынша төлемдер болісінінде) ақпаратты осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген талаптарды ескере отырып, ақпаратты беру және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шартта көзделген тәртіптен, мерзімде және көлемде береді.»;

58) 82-бапта:

1-тармақта:

«13) дереккер субъектісі өтініш жасаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде сақтанушы сақтандыру шарты бойынша дереккерге мәліметтер енгізу міндетіне кіретін сақтандырушымен (ақпарат берушімен) жасасқан сақтандыру шарты туралы мәліметтердің дереккорда бар екендігі туралы ақпаратты оған беруге.»;

15) тармақшасында «сақтау міндетті» деген сөздер «сақтау» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) сақтандыру агенттерінің біріншағы тізілімін жүргізуге, оның ішінде:

сақтандырушыға сақтандыру агентінің біріншағы тізілімде бар екендігі туралы ақпаратты ұсынуға және сақтандыру шарттары жасасқан кезде делдалдық қызметтер көрсетуге сақтандыру агенттерінің өкілеттіліктерін растауға;

осы Заңда көзделген негіздер бойынша сақтандыру агенттерін біріншағы тізіліммен алып тастауға міндетті.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) кәсіпкерлік қызметке байланысты ақпараттық материалдарды өзін-өзі реттейтін ұйымнан сатып алуды жүзеге асыруға;

3-2) дереккорды қалыптастыру және пайдалану үшін ақпаратты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дереккорлары мен ақпараттық жүйелерінен алуға;

3-3) сақтандыру есептерін алушыларға сақтандырылған көлік құралының тарихы жөнінде ақпаратты беруге.»;

59) мынадай мазмұндағы 15-тарумен толықтырылсын:

«15-тару. Сақтандыру оймбдсманы

**86-бап. Сақтандыру оймбдсманы, оның мәртебесі, қызмет қағидаттары, оны сайдау тәртібі және оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату**

1. Мынадай:

1) сақтандыру ұймдары арасында міндетті және ерікті сақтандыру мәселелері бойынша туындайтын;

2) сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) мен сақтандыру ұймдары арасында сақтандыру шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға сақтандыру оймбдсманы болы табылады.

Сақтандыру оймбдсманы сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) ретінде және тұлғалар және (немесе) шағын кәсіпкерлік субъектілері әрекет ететін келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырады. Өзге заңды тұлғалар сақтандыру оймбдсманына көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыныбы (түрі) бойынша ғана жұтіне алады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде аталған тұлғалардың келіспеушіліктері бойынша талаптар сомасы айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2. Сақтандыру оймбдсманы өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) тараптардың теңқуқықтылығы;

2) сақтандыру оймбдсманы шешім қабылдаған кезде объективтілік және бейтараптық;

3) сақтандыру құпиясын және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау;

4) тараптардың құқықтарын сақтау және заңмен қорғалатын мүдделерін құрметтеу;

5) шешім қабылдау рәсімінің ашықтығы және негізділігі.

3. Сақтандыру оймбдсманы сайлауды және оның өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтатуды сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесі жүзеге асырады.

4. Сақтандыру оймбдсманы сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесінің көпшілік дауысымен сайланады. Сақтандыру оймбдсманы өкілдер кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде бір дауысы болады. Дауыстар тең болған кезде уәкілетті орган өкілінің дауысы шешуші болып табылады.

5. Егер сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесінің отырысына қатысатын сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесінің мүшелері жиынтығында дауыстардың жалпы санының кемінде үштен екісін иеленсе, осы отырыс – заңды, ал қворум талаптары сақталды деп танылады.

6. Сақтандыру оймбдсманы үш жыл мерзімге сайланады.

7. Сол бір адам қатарынан екі реттен астам сақтандыру оймбдсманы болып сайлана алмайды.

8. Сақтандыру оймбдсманының өкілеттіктерін өзінің бастамасы бойынша мерзімнен бұрын тоқтату өкілеттіктерін тоқтатылғанға дейін бір ай бұрын сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесін жазбаша хабарлар ету негізінде жүзеге асырылады.

**87-бап. Сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесі және оның құзыреті**

1. Сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесі:

1) сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы бар әрбір сақтандыру ұйымынан;

2) уәкілетті органның бір-бір өкілден қалыптастырылады.

2. Өкілдер кеңесінің құзыреті:

1) осы Заңның 88-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін кандидаттар арасынан сақтандыру оймбдсманы лауазымына сайлау;

2) құрылымы мен штатын (сақтандыру оймбдсманының офисін) бекіту;

3) сақтандыру оймбдсманының қызметін (бюджетін) қаржыландыру тәртібін айқындау;

4) уәкілетті органның келісуі бойынша сақтандыру оймбдсманының ішкі қағидаларын бекіту;

5) сақтандыру оймбдсманының осы Заңның 88-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған немесе ол осы Заңның 91-бабының 3-тармағында көзделген талапты орындамаған жағдайларда, сақтандыру оймбдсманының өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату;

6) осы Заңға сәйкес сақтандыру оймбдсманының қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге де мәселелер.

**88-бап. Сақтандыру оймбдсманына қойылатын талаптар**

1. Сақтандыру оймбдсманы ретінде сайлау үшін:

1) жоғарғы заң билігі және (немесе) жоғарғы экономикалық билімі бар;

2) мінсіз іскерлік беделі бар;

3) сақтандыру саласында бес жылдан астам жұмыс өтілі бар;

4) уәкілетті орган сақтандыру ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, сақтандыру ұйымын лицензиясынан айыру, сондай-ақ сақтандыру ұйымын немесе басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарту немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен оларды банкрот деп таныу туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын сақтандыру ұйымының немесе басқа заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылмаған адам ұсынылуы мүмкін.

Сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіптен әрекетке қабилетсіз немесе әрекет қабилеті шектеулі деп таныған адам, сондай-ақ өзіне қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын адам сақтандыру оймбдсманы болуға ұсынылмайды.

2. Сақтандыру оймбдсманы сақтандыру ұйымдарында кез келген лауазымды атқаруға және (немесе) сақтандыру ұйымдарының үлестес тұлғасы болуға құқылы емес.

**89-бап. Сақтандыру оймбдсманының құқықтары мен міндеттері**

1. Сақтандыру оймбдсманының:

1) өтініш берушінің өтінішін қарау үшін қажетті мәліметтерді сақтандыру ұйымдарынан сұратуға;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасының талаптарын сақтай отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында сақтандыру оймбдсманының қызметі туралы материалдарды жариялауға;

3) штат (сақтандыру оймбдсманының офисін) құруға құқығы бар.

2. Сақтандыру оймбдсманы:

1) өз қызметінде осы Заңның 86-бабының 2-тармағында көзделген қағидаларды басшылыққа алуға;

2) дауларды шешу барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға және оны үшінші тұлғаларға жария етуге;

3) сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесінің алдында өзінің қызметі туралы жиі сайын есеп беруге міндетті.

**90-бап. Сақтандыру оймбдсманының шешімдер қабылдау тәртібі**

1. Сақтандыру оймбдсманы шешімді жаса-дара қабылдайды және оны дауға қатысушы тараптардың неке-дара жазбаша ны-санда жеткізеді.

2. Сақтандыру оймбдсманы шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын және жасалған шарттардың талаптарын басшылыққа алады.

3. Сақтандыру ұйымдарының арасындағы келіспеушіліктер бойынша сақтандыру оймбдсманының шешімі сақтандыру ұйымдары үшін міндетті болып табылады.

Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандыру ұйымының арасындағы келіспеушіліктер бойынша сақтандыру оймбдсманының шешімі оны сақтанушы (сақтан-дырылушы, пайда алушы) қабылдаған жағдайда сақтандыру ұйымы үшін міндетті болады.

4. Сақтандыру ұйымы сақтандыру оймбдсманының шешімін ол белгілеген мерзімде орындамаған жағдайда, сақтандыру оймбд-сманы осы Заңның және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзушылық фактісін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бұл туралы уәкілетті органға үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

5. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтан-дырушы сақтандыру оймбдсманының шешімімен келіспеген жағдайда, өз құқығын қорғау үшін Қазақстан Респбликасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтан-дыру оймбдсманының шешімін орындау сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін міндетті болып табыл-майды.

**91-бап. Сақтандыру оймбдсманының қызметі**

1. Сақтандыру оймбдсманының қызметі, оның ішінде келіспеушіліктерді реттеу бойынша өтініштерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібі мен мерзімдері сақтандыру оймбдсманының ішкі қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2. Жүктелген функцияларды тиісінше орындау мақсатында сақтандыру оймбдсманының қызметі сақтандыру ұйымдарының, сақтандыру оймбдсманының өкілдер кеңесі мүшелерінің жарна-ры есебінен қаржыландырылады. Жарналарды төлеу шартта-ры мен тәртібі сақтандыру оймбдсманының ішкі қағидаларында айқындалады.

3. Осы Заңның 86-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда келіспеушіліктерді реттеуді сақтандыру оймбд-сманы өтеуісіз жүзеге асырады.

92-бап. Міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын да-уларды реттеу ерекшеліктері

Міндетті сақтандыру шарттарынан туындайтын дау-ларды реттеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленеді.»

**11. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қазіргыдағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №1, 8-құжат; №24, 338-құжат; 2003 ж., №11, 56-құжат; 2004 ж., №1, 8-құжат; №10, 56-құжат; 2005 ж., №13, 53-құжат; 2006 ж., №8, 45-құжат; №15, 95-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №7, 67-құжат; №17, 141-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №7, 28-құжат; 2011 ж., №2, 141-құжат; №5, 43-құжат; №17, 136-құжат; №23, 199-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 13-құжат; №8, 64-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; №15, 81-құжат; 2014 ж., №11, 63, 67-құжаттар; №21, 122-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №16, 79-құжат; №20-1, 110-құжат; №21-1, 128-құжат; №22-1, 140-құжат; №23-1, 166-құжат; №23-11, 170-құжат; 2016 ж., №7-11, 55-құжат; 2017 ж., №1-2, 3-құжат; №4, 7-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Дербес білім беру ұйымдары, дербес кластерлік кор, нотариаттық палаталар, адвокаттар алқалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылық палатасы, Жеке сот орындасушыларының республикалық палатасы, Қазақстанның төрелік палатасы, кәсіби аудиторлық ұйымдар, пәтерлердің меншік иелері кооперативтері, актуарийлер бірлестігі және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.»

12. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Респбликасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., №13-14, 175-құжат; 2002 ж., №4, 33-құжат; 2003 ж., №23, 168-құжат; 2004 ж., №23, 142-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №17, 139-құжат; 2008 ж., №13-14, 57-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №11, 102-құжат; №12, 111-құжат; 2012 ж., №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №1, 4-құжат; №7, 37-құжат; №10, 52-құжат; №19-1, 19-11, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №20-IV, 113-құжат; №22-1, 143-құжат; №22-II, 144-құжат; 2016 ж., №23, 118-құжат; 2017 ж., №12,

34-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толық-тырылсын:

«3-1) сақтандыру сертификаты – сақтандырылушыға қатысты қолданыстағы сақтандыру арқылы қорғаудың бар екенін куәландыратын және сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру өтемінің талап-тары туралы ақпаратты қамтитын, сақтандырушы жасалған сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) растау үшін ресім-деген құжат.»;

2) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«15-бап. Туристік қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттары**

1. Шығу туризмі саласындағы туроператорда шетелге

**(Жалғасы. Басы 1, 9-14-беттерде)**

немесе саясатына ықпал етуге бағытталған ешбір әрекетті жасауға және (немесе) қоғамның өзіне (өздеріне) тиесілі дауыс беретін акциялары бойынша дауыс беруге құқылы емес.

7. Осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның қоғамның өзіне тиесілі акцияларын сату туралы ұсынысына жауап ретінде қоғамның өзіне тиесілі акцияларын сату туралы жазбаша келісім берген қоғамның акционері осы ұсынысты жариялаған тұлғаның қоғамның акцияларын сатып алудан бас тартуына сәт тәртібімен шағым жасауға құқылы.

8. Осы Заңның 25-1-бабының 1-тармағында белгіленген жағдайға осы баптың талаптары қолданылмайды.;

15) 6-тарау мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

**«25-1-бап. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес немесе одан көп пайызын дербес немесе өзінің үлесіне тұтқаларымен жиынтықта сатып алынған тұлғаның қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алуы**

1. Бағалы қағаздардың қайталама нарығында қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан көп пайызын не жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде он пайызын құрайтын дауыс беретін акциялардың өзге санын дербес немесе өзінің үлесіне тұтқаларымен жиынтықта сатып алған, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе өзінің үлесіне тұтқаларымен жиынтықта қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес және одан көп пайызы тиесілі болға осы тұлға, сатып алу күнінен кейін алыс жұмыс күні ішінде қоғамның қалған акционерлерінен осы қоғамның оларға тиесілі дауыс беретін акцияларын өзіне сатуды талап етуге құқылы.

Қоғамның өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын сату туралы акционерлерге талапта атын (атауын), тұрғылықты жерін (орналасқан жерін), қоғамның оған (оларға) тиесілі дауыс беретін акцияларының санын қоса алғанда, осы талапты мәлімдеген тұлға (тұлғалар) туралы және осы баптың 4-тармағына сәйкес айқындалатын, қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алуынды ұсынылып отырған бағасы туралы деректер қамтылуға тиіс.

2. Қоғам осы баптың 1-тармағында көрсетілген талапты алын күннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

3. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша қалған акционерлер қоғамның өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында талап жарияланған күннен кейін күнтізбелік алыс күнінен аспайтын мерзімде сатуға міндетті.

Акционерлердің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қоғамның дауыс беретін акцияларымен өзге азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауына тыйым салынады.

4. Акционерлердің өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларды осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша сату бағасы талап қойылған күні:

1) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптастан (егер қоғам акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыста болса);

2) бағалаушы Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған (егер қоғам акциялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыста болмаса) нарықтық күн ретінде айқындалды.

5. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға қалған акционерлерден сатып алынатын қоғамның дауыс беретін акцияларына осы баптың 4-тармағына сәйкес айқындалып ұсынылған сатып алу бағасы бойынша ақы төлеуге міндетті.

Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлға қалған акционерлерден сатып алынған қоғамның дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған акша қоғамның акцияларын ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде жаратылған деректемелері бар осы акционерлердің банктік шоттарына аударылады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде акционердің жаратылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қоғамның сатып алынған дауыс беретін акцияларына ақы төлеуге арналған ақша уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа аударылады.

6. Акционерлердің қоғамның өздеріне тиесілі дауыс беретін акцияларын осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша сату жөніндегі мәмілені тіркеу бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде осы тұлғаның бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуі бойынша қоғамның ауыртпалық салынан дауыс беретін акцияларын акционерді акционерді ұстауды есепке алу жүйесінде немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде ашылған жеке шотынан есептен шығару, сондай-ақ олардың ақшаны төлеу ауыртпалық алынған күннен кейін бір айдың ішінде жүзеге асырылады.

Мәмілелерді тіркеуге және олардың ақшын төлеуге байланысты шығыстарды қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алатын тұлға көтереді.

7. Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алу жөніндегі мәмілелерді тіркеу күні қоғамның дауыс беретін акцияларды бойынша төленбеген дивидендтерді алу құқығы осы тұлғаның талап етуі бойынша қоғамның дауыс беретін акцияларын сатқан акционерлерде сақталды.

Осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаның талап етуіне сәйкес қоғамның дауыс беретін акцияларын сатқан акционерлерге қоғамның дауыс беретін акциялары бойынша дивидендтерді төлеу осы Заңның 22 және 23-баптарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8. Осы баптың ережелері «Ұлттық ау-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық басқарушы холдинг тобына кіретін заңды тұтқаларға қолданылмайды.;

16) 26-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында казак және орыс тілдерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 28-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы «Қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны» деген сөздер «Қоғам сатып алған және сатып алатын орналастырылған акциялардың жалпы саны» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 30-1-бапта:

1-тармақтағы «және акцияларды шығару проспектісінде» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы «шарттары, мерзімдері және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және акцияларды шығару проспектісінде белгіленген» деген сөздер «шарттарын, мерзімдерін және тәртібін қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы айқындайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 36-баптың 1-тармағында:

3-3) тармақшадағы «шарттары» деген сөз «шарттарын, мерзімдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшадағы «және мүндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау» деген сөздер алып тасталсын;

16) тармақшадағы «қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеуді, оның ішінде, егер мүндай тәртіп қоғам жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау» деген сөздер «, егер мүндай тәртіп қоғамның жарғысында айқындалмаса, қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 37-баптың 3-тармағының 2) тармақшасында: «қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

«өзімен» деген сөз «қоғаммен» деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 39-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 40-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі «Акционерлердің жалпы жиналысы» деген сөздерден кейін «, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысынан қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Қоғам акционерлері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының отырысына қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған байланыс құралдарын пайдалана отырып қашықтықтан қатысуға құқылы.;

23) 41-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте: «жалпы жиналыс» деген сөздер «акционерлердің жалпы жиналысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«күнтізбелік отыз күн бұрын, ал» деген сөздерден кейін «өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерді хабардар ету үшін пошта байланыс құралдары пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

«кішімі бөлікте: «дала жалпы жиналыс» деген сөздер «акционерлердің алдағы жалпы жиналысының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«он жұмыс күнінен бұрын, ал» деген сөздерден кейін «өткізу кезінде бір немесе одан көп акционерлерді хабардар ету үшін пошта байланыс құралдары пайдаланылатын» деген сөздермен толықтырылсын;

«жиналыс өткізілетін күннен» деген сөздер «акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта: бірінші сөйлемдегі «бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында казак және орыс тілдерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі «компания» деген сөз «қоғам» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.;

3-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шешімі қатысу немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада.;

2) тармақшадағы «жиналысты» деген сөз «қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «акционерлердің» деген сөз «қоғам акционерлерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі.;

8) тармақшадағы «жиналысты» деген сөз «сырттай дауыс беруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша алып тасталсын;

10) тармақшадағы «жиналыс» деген сөз «қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Аралас дауыс беру кезінде қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада Заңның осы бабының 3-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бюллетеньдерді бұрудың соңғы күні көрсетіледі.;

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;

3) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күні;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;

5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;

6) қоғам акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы соған сәйкес өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары қамтылуға тиіс.

6. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийдегі өтініш жасауға құқылы.

Миноритарлық акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдегі басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.;

24) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«43-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі**

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған түбегейлі тізбесі қамтылуға тиіс.

2. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

4. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:

1) қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта іселенетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;

2) егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын жиынтығында іселенетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5. Қатысу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегері отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, мәселені шешу артықшылықты акцияларды іселенетін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін.

6. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

7. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

8. Күн тәртібінде «ер түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, кен түсінік беретін тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.;

25) 44-баптың 3-тармағының 3-2) тармақшасы алып тасталсын;

26) 45-баптың 1-тармағында:

«тіркеу аяқталған кезде» деген сөздерден кейін «(акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні)» деген сөздермен толықтырылсын;

«немесе олардың өкілдері» деген сөздер «(акционерлердің өкілдері)» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 46-бапта:

1-тармақта:

екінші бөліктегі «қоғамның тіркеушісі» деген сөздер «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «қоғамның тіркеушісімен» деген сөздер «орталық депозитарийге» деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 48-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«48-бап. Акционерлердің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі»;

1-тармақ «жалпы жиналысын» деген сөздерден кейін «қатысу тәртібімен» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

«(олардың өкілдерінің» деген сөздер «(акционерлердің өкілдерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырысын:

«Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының қворумын айқындау кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционерлер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына келген акционер (акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Егер дауыс беру үшін бұрын бюллетень жіберген акционер аралас дауыс беру пайдаланылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның бұрын жіберген бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының қворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.;

29) 49-бапта:

2-тармақтағы «Жария компанияларды қоспағанда, қоғамның» деген сөздер «Қоғамның» деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға:

1) пошта байланысының құралдары қолданылған кезде – акционерлердің жалпы жиналысы өткізген күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей;

2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде – акционерлердің жалпы жиналысы өткізген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жіберілуіне тиіс.

Акционерлерінің саны жүз және одан көп қоғамда сырттай дауыс беру кезінде осы қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді жариялауға міндетті.;

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

4) акционердің жалпы жиналысы жабылатын күн.;

6-тармақта:

бірінші бөліктегі «жеке адам – акционер» деген сөздер «жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі)» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «қол қоюға және жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуға» деген сөздер «(заңды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «қолы қойылмаған, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, заңды тұлғаның мөрі жоқ» деген сөздер «немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Акционердің өкілі сырттай дауыс беру үшін бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған

бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттілігін растайтын сенім-хаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.;

төртінші бөлік «акционер» деген сөзден кейін «(акционердің өкілі)» деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ алып тасталсын;

30) 51-баптың 6-тармағында:

бірінші бөліктегі «акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланалды» деген сөздер «акционерлердің назарына акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды казак және орыс тілдерінде жариялау арқылы және қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен (осындай тәртіп болған кезде) жеткізіледі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

31) 52-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

«Акционерлердің» деген сөзден кейін «қатысу тәртібімен өткізілетін» деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы «мүшелері» д

**(Жалғасы. Басы 1, 9-15-беттерде)**

3. Консультативтік комитеттің құзыретіне консультативтік комитет туралы ережеде айқындалған Қор қызметінің мәселелерін алдын ала қарау жатады.

4. Консультативтік комитеттің шешімдері жазбаша түрде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.;

6) 7-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Соттың «жалпы сақтандыру» саласында қызметті жүзеге асыратын қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарту туралы шешімі заңды күшіне енген күнен бастап Қор»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «2. Сақтандыру шарттары (сақтандыру полистер) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес ресімделген және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушының және (немесе) сақтандыру агентінің қолы болған жағдайда, мәжбүрлеп тартылатын сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарының тізіліміне және (немесе) сақтандыру жөніндегі бірінші дерекқорға енгізілмеген сақтандырудың кепілдік берілетін түрлері бойынша сақтандыру шарттары Қордың кепілдіктерімен жабылады.;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

«2-1. Осы Заңда Қорға міндетті қатысу көзделген сақтандырудың кепілдік берілетін түрлеріне:

1) қолік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

2) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;

3) туристі міндетті сақтандыру;

4) «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру жатады.

2-2. Қор аннуитеттік сақтандыруға кепілдік беру шеңберінде: уәкілетті органның сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымын лицензиядан айыру туралы шешім қабылдау негізгі бойынша ол уақытша әкімшілікті тағайындаған күнен бастап «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру портфелін берген кезге дейін сақтандыру (кайта сақтандыру) ұйымы жасаған қолданыстағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың үзіліссіздігі мен уақтылығын;

4-2) сактандыру жағдайын растайтын құжат болған кезде дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға жіберілушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілуіне кіналі тұлғаның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартының бар не жоқ екендігі туралы моліметтерді (сактанушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірі, нөмірі және жасалған күні) ұсыну туралы жазбаша отініш жасауға.»;

«5-1) көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 29-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сактандырушыға не сактандыру оймбдсманына немесе сотқа жүгінуге;

6) отінішті және қоса берілетін құжаттарды сактандыру оймбдсманына (тікелей сактандыру оймбдсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы не сактандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге.»;

15) 19-баптың 11-тармағының үшінші бөлігіндегі «деректер базасын қалыптастырып, жүргізуді жүзеге асыратын» деген сөздер «дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«20-бап. Сактандыру сыйлықақыларының мөлшерін азайту**

1. Көлік құралдарының иелері – Ұлы Отан соғысының қатысушылары және оларға теңестірілген адамдар, I және II топтағы мүгедектер, зейнеткерлер стандартты шарт жасасқан кезде осы Заңның 19-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сактандыру сыйлықақысының алу пайызы мөлшерінде сактандыру сыйлықақыларын төлейді.

Егер көлік құралын осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған адамдар санатына жатпайтын басқа иелер де пайдаланатын болса, онда көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру мұндай жеңілдік берімей жүзеге асырылады.

2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шарты сактандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сактандырушының ұйғаруы бойынша сактанушыға осы Заңның 19-бабына сәйкес есептелген, төленуге жататын сактандыру сыйлықақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде шегеріс берілуі мүмкін.

Бұл ретте көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартында бір мезгілде сактандыру сыйлықақысының жалпы сомасы мен шегеріс (болған кезде) ескерілген сактандыру сыйлықақысының сомасы көрсетілуі тиіс.

Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан сактандырушының интернет-ресурсын пайдаланбай өзге тәсілдермен, оның ішінде сактандыру агенттері арқылы жасасу кезінде шегерістер беруге жоқ берілмейді.»;

17) 21-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Сактандырушы сактандыру сыйлықақысын сактандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.»;

18) 22-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сактандырушы пайда алушыға тиесілі сактандыру төлемінен зиян мөлшерін айқындауға байланысты меншікті шығыстарды ұстап қалуға құқылы емес.»;

19) 24-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) әрбір жіберілушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

қаза табуға – 2 000;

мүгедектіктің:

I тобы белгіленсе – 1 600;

II тобы белгіленсе – 1 200;

III тобы белгіленсе – 500;

мүгедек балаға – 1 000;

мерттуге, жаракаттануға немесе денсаулығын мүгедектік белгіленбеген өзге де зақымдануына – амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспауға.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сактанушының (сактандырылушының) зазалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сактандырушының нұсқаулары орынды үшін жұмсалса, егер тиісті шаралар тіпті сәтсіз болса да сактандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сактандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы көлік құралы иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартында белгіленген жауапкершіліктің шекті көлемінен аспауы тиіс. Егер шығыстар сактанушының сактандырушы нұсқаулары орынды нәтижесінде туындаған болса, олар жауапкершіліктің шекті көлеміне қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.

Көрсетілген шығыстарды сактандырушы тікелей шеккен тұлғаға өтеді.

5. Келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жауапкершіліктің шекті көлемі жетпейтін кезде сактанушы жіберілушінің сактандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.»;

20) 25-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сактандырушыға сактандыру төлемі туралы талапты сактанушы (сактандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға, пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (кажетіне қарай), сактандыру төлемін қолма-қол ақшамен сактандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар қоса беріле отырып, не банктік шотқа аудару арқылы алу тәртібін көрсете отырып жазбаша нысанда ұсынады.

Отініш берушінің қалауы бойынша сактандыру төлемі туралы талап сактандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандығы сактандыру төлемі туралы талаптар отініш берушінің сактандырушының орналасқан жері бойынша сактандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын ұсынудан босатайды.»;

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Құжаттарды қабылдаған сактандырушы отініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып, анықтаманы екі данада жасауға міндетті.

Сактанушы (сактандырылушы, пайда алушы) сактандыру төлемі туралы отінішін электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда, сактандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

Отініш беруші сактандырушыға өзі келіп отініш жасаған кезде анықтаманы бір данасы отініш берушіге беріледі, отініш берушінің оны алғаны туралы белгі қойылған екінші данасы сактандырушыда қалады.»;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Сактандырушы жіберілушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіру фактісі болмаған кезде, сактандыру төлемін ішкі істер органдары берген оқиғаның схемасы бар жол жүрісі қағидаларының бұзылғаны туралы хаттама негізінде жүзеге асыруға құқылы.»;

21) 26-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сактандыру жағдайы басталған кезде жіберілуші немесе жіберілушінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқығы бар тұлға келтірілген зиянның өтекіні алу үшін, кінасын сактандыру жағдайы болған адамның көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шарты болған кезде, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шарты бойынша жіберілушінің жауапкершілігін сактандырыған сактандырушыға отініш жасауға құқылы.»;

22) 5-тарау мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

**«29-1-бап. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сактандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сактанушы (жіберілуші, пайда алушы):

талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша отінішін сактандырушыға (оның ішінде сактандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не

көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін отінішін сактандыру оймбдсманына (тікелей сактандыру оймбдсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сактандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

2. Сактандырушы сактанушыдан (жіберілушінен, пайда алушыдан) отінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды реттеудің одан кейінгі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

3. Сактанушы (жіберілуші, пайда алушы) сактандыру оймбдсманына отініш жасаған жағдайда, сактандырушы сактанушының жіберілушінің (пайда алушының) сактандыру оймбдсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.»;

23) 30-1, 30-2, 30-3 және 30-4-баптар алып тасталсын.

**19. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2023 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №14, 119-құжат; 2004 ж., №16, 91-құжат; №23, 142-құжат; 2005 ж., №7-8, 24-құжат; №14, 58-құжат; №23, 104-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №4, 24-құжат; №8, 45-құжат; №10, 52-құжат; №11,

55-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №4, 28-құжат; №9, 67-құжат; №17, 141-құжат; 2008 ж., №15-16, 64-құжат; №17-18, 72-құжат; №20, 88-құжат; №21, 97-құжат; №23, 114-құжат; 2009 ж., №2-3, 16, 18-құжат; №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №7, 28-құжат; №17-18, 111-құжат; 2011 ж., №3, 32-құжат; №5, 43-құжат; №11, 102-құжат; №15, 125-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №2, 14, 15-құжаттар; №10, 77-құжат; №13, 91-құжат; №20, 121-құжат; №21-22, 124-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; 2014 ж., №6, 27-құжат; №10, 52-құжат; №11, 61-құжат; №19-1, 19-11, 96-құжат; №22, 131-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №20-IV, 113-құжат; №20-VII, 117-құжат; №21-1, 128-құжат; №22-III, 149-құжат; №22-VI, 159-құжат; №23-1, 169-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; №12, 87-құжат; №22, 116-құжат; №24, 126-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат);

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

**(Жалғасы. Басы 1, 9-18-беттерде)**

3) электрондық түрдегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген акциялар шығарылымы перспектісі;

4) акционерлік қоғамның акциялар шығарылымы перспектісіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған шешімнің (хаттаманың) көшірмесі;

5) жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы (жарияланған акциялар саны ұлғайған және (немесе) олардың түрі өзгерген, акционерлік қоғамның атауы өзгерген, акционерлік қоғамның орналасқан жері өзгерген кезде);

6) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабында белгіленген жағдайларда жарғылық капиталына мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын мәжбүрлі түрде шығару туралы сот шешімінің көшірмесі (акционерлік қоғамның жарияланған акциялары болмаған немесе олар мерзімі өткен салық берешегін өтеуге жеткілікті болған жағдайда);

7. Акциялар шығарылымы перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган акционерлік қоғамға:

1) егер акциялар шығарылымы перспектісіне енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар бұрын берілген жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтерді өзгертуді көзделсе, жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті;

2) егер енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар бұрын берілген жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтерді өзгертуді көзделсе, акциялар шығарылымы перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаны;

3) акциялар шығарылымы перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды береді (жібереді).

8. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден немесе акциялар шығарылымын перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеуден бас тартылған жағдайда, акционерлік қоғам осы баптың 4 және 6-тармақтарында көрсетілген құжаттарды бас тартуды алған күннен бастап қырық бес жұмыс күні ішінде қайта ұсынады, бұл ретте уәкілетті органның құжаттарды қарау мерзімі қайтадан есептеледі.

9. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымын перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу тәртібі, сондай-ақ жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымын перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

**12-бап. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу**

1. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жазылған өтінішін;

2) облигацияларды шығару, орналастыру, айналыса жіберу және өтеу, облигацияларды орналастыру нәтижесінде эмитент алған қаржыты пайдалану тәртібі, облигацияларды шығару көлемі, саны мен түрі, облигациялардың номиналды құны, облигацияларды ұстаушылардың құқықтары туралы мәліметтер қамтылған мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін не облигациялық бағдарламаны шығару көлемі туралы мәліметтер қамтылған облигациялық бағдарламаны шығару туралы эмитент органы шешімінің көшірмесін;

3) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісін (облигациялық бағдарлама перспектісін);

4) эмитент жарғысының көшірмесін (болған кезде);

5) инфрақұрылымдық, сондай-ақ бас көпірлігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылған жағдайда, эмитенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуді болып растайтын құжаттарды;

6) егер эмитенттің мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісінде қор биржасының сауда жүйесінде осы облигациялардың айналысы көзделсе, эмитенттің және ол шығаратын мемлекеттік емес облигациялардың қор биржасының тізіміне эмитенттің мемлекеттік емес облигацияларын енгізуге және олардың тізімде болуына қойылатын талаптарға сәйкес келуі туралы қор биржасының қорытындысын, сондай-ақ қор биржасының листинг комиссиясының эмитенттің бағалы қағаздар шығарылымы перспектісіне инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді енгізу жөніндегі ұсынымдарын;

7) облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасалған шарттың көшірмесін (облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген және (немесе) шарт жасасу эмитенттің бастамасымен болған жағдайда);

8) ұйымдастырылған нарыққа облигациялар орналастыруды жоспарлайтын эмитенттер үшін эмиссиялық бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімінде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін ұйыммен жасалған шарттың көшірмесін (осындай ұйыммен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген жағдайда);

9) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған эмитенттер үшін эмитенттің кірісін оның қатысушылары арасында бөлу тәртібін;

10) эмитенттің аудиторлық есептемелерін расталған, соңғы екі қаржы жылдағы жылдық қаржылық есептілігінің көшірмелерін, сондай-ақ аудиторлық есептердің көшірмелерін (жаңадан құрылған эмитенттерді қоспағанда);

11) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсаннан аяғындағы не мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берер алдында соңғы тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін ұсынылған жағдайда, соңғы тоқсаннан алдындағы тоқсаннан аяғындағы жағдай бойынша эмитенттің қаржылық есептілігінің көшірмесін ұсынуға міндетті;

12) Аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі болмаған жағдайда, эмитент ағымдағы жылғы 1 қаңтар — 1 маусым аралығындағы кезеңде уәкілетті органға соңғы аяқталған жылдың алдындағы екі жыл үшін қаржылық есептілікті және көрсетілген кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиторлық есебін ұсынады. Аяқталған қаржы жылы үшін аудиторлық есеп пен қаржылық есептілікті эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап бір ай ішінде ұсынады.

2. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитент уәкілетті органға қосымша мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитент орналасқан мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитенттің заңды тұрла ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі, дүрыстығын нотариат куәландырыған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасы қоса тіркеледі;

2) Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитенттің құрылтай құжаттарының көшірмелері, дүрыстығын нотариат куәландырыған оның қазақ және орыс тілдеріндегі аудармалары қоса тіркеледі;

3) шетел мемлекетінің қаржы нарығын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге отініш беру күніне дейін үш айдағы кезеңде Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитенттің пруденциялық нормативтерді және бейрейдентінің уәкілетті органы белгілеген өзге де нормалар мен лимиттерді сақтауы туралы хатты (егер Қазақстан Республикасының бейрейденті-эмитент қаржы ұйымы болып табыла);

3. Құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) жарғылық капиталды төлегеннен кейін ғана эмитент мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынуға құқылы.

4. Микроқаржы ұйымдарының, кредиттік серіктестіктердің, өзара сақтандыру қоғамдарының және ломбардтардың мемлекеттік емес облигациялар шығаруға құқығы жоқ.

5. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген кезде уәкілетті орган облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруды және эмитентке облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік пен мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісін (облигациялық бағдарлама перспектісін) береді (жібереді).

6. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) еркін нысанда жазылған өтінішін;

2) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістер және (немесе) толықтыруларды;

3) электрондық түрдегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескерілген, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісін (облигациялық бағдарлама перспектісі);

4) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге негіз болған шешімнің (хаттаманың) көшірмесін;

5) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасын (облигациялар саны азайған, мемлекеттік емес облигациялар түрі, айналыс мерзімі өзгерген, эмитенттің атауы өзгерген, эмитенттің орналасқан жері өзгерген кезде) ұсынады.

7. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган эмитентке:

1) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу туралы өзгертілген куәлікті (мемлекеттік емес облигациялар саны азайған және (немесе) олардың түрі, айналыс мерзімі өзгерген, эмитенттің атауы өзгерген, эмитенттің орналасқан жері өзгерген кезде);

2) егер енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар бұрын берілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген мәліметтерді өзгертуді көзделсе, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарламаны;

3) мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды береді (жібереді).

8. Осы баптың 1-тармағының 4), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, егер осы құжаттар мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) немесе мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы (облигациялық бағдарлама) перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылатын күнге дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, эмитент уәкілетті органға ұсынайды.

9. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеуге, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісіне (облигациялық бағдарлама перспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеуге арналған құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

**13-бап. Облигациялық бағдарламаны және облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеудің ерекшеліктері**

1. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуді уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялардың алғашқы шығарылымын мемлекеттік тіркеу эмитенттің қалауы бойынша осы облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте осы құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен кейін он жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

Тіркелген облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін эмитент уәкілетті органға ұсыныған құжаттарды уәкілетті орган олар ұсынылған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

2. Осы Заңның 10-бабының 1-тармағында айқындалған негіздерден басқа, уәкілетті орган:

1) эмитенттің бастамасы бойынша еркін делистингті қоспағанда, осы облигациялық бағдарлама шегінде жүзеге асырылған мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының делистингі жүргізілген;

2) облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нәтижесінде айналыста жүрген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымдарының жалпы сомасы осындай облигациялық бағдарламаның тіркелген көлемінен асып кеткен;

3) облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттар ұсынылған күні эмитенттің өзі шығарған, қор биржасының тізіміндегі борыштық бағалы қағаздар болмаған және осы Заңның 15-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, эмитентке облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға құқылы.

Осы тармақтың күші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымына немесе бас ұйым ретінде банк конгломератына кіретін және қаржы ұйымы болып табылатын ұйымға ол қайта құрылымдауды жүргізген кезде қолданылмайды.

3. Эмитент облигациялық бағдарлама шегінде құрылымы бойынша әртүрлі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымдарын жүзеге асыруға құқылы.;

15-бапта: тақырыптағы «Облигациялар» деген сөз «Мемлекеттік емес облигациялар» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта: бірінші бөліктің бірінші абзацы «Егер» деген сөзден кейін «мемлекеттік емес» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Эмитент мемлекеттік емес облигациялар шығаруды шарттарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа болады.»;

8) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«16-бап. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығару**

1. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигацияларды орналастыру және олардың айналыс қор биржасының сауда жүйесінде ғана жүзеге асырылады.

2. Айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау тәртібі, сондай-ақ айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, айналыс мерзімі он екі айдан аспайтын мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»

9) 18-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, инфрақұрылымдық облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау тәртібі, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымын перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, инфрақұрылымдық облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»

10) 18-2-бапта:

1-тармақтағы «6), 10), 11)» деген цифрлар «2), 3), 4), 5), 6) және 7)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «тіркеуші» деген сөз «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Эмитент облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде (егер бұл облигациялар қор биржасының ресми тізіміне енгізілген жағдайда) облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде он бес жұмыс күні бұрын орналастырады.»

4-тармақтың үшінші бөлігіндегі «8-тармағында» деген сөздер «3-тармағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

«бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«ол қабылданған күннен бастап» деген сөздер «қабылданған күнінен кейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және тіркеушінің» деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақта:

бірінші бөліктің «6), 10), 11)» деген цифрлар «2), 3), 4), 5), 6) және 7)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бұқаралық ақпарат құралдарында» деген сөздер «қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің «6), 10), 11)» деген цифрлар «2), 3), 4), 5), 6) және 7)» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 18-3-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«18-3-бап. Номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарудың ерекшеліктері»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын перспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау тәртібі, сондай-ақ номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, номиналы шетел валютасында көрсетілген мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»

12) 18-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«18-4-бап. Орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алу**

1. Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды қайталама нарықта сатып алуға құқылы.

2. Эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды:

1) эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;

2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

3) эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік алыс күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасапған (егер облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасасу міндеті осы Заңның талаптарында көзделген және (немесе) оны жасасауға эмитент бастамашылық жасаған жағдайда) жағдайларда сатып алуға міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талап «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығарылу шарттары қамтамасыз етілмеген міндеттемелері субординарлық борышқа жатқызу шарттарына сай келетін, екінші деңгейдегі банктерге және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына олар шығарған (шығаратын) мемлекеттік емес облигацияларға қатысты қолданылмайды.

3. Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының перспектісінде қосымша қовенанттар (шектеулер) белгіленуі мүмкін, олар басталған кезде эмитент өзі орналастырған облигацияларды сатып алуға міндетті.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген жағдайларда, эмитент орналастырылған мемлекеттік емес облигацияларды мына бағалардың ең жоғарысы бойынша:

жиналған сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен; мемлекеттік емес облигациялардың әділ нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.»;

13) 19-баптың 1-тармағындағы «Облигациялардың шығарылымы мен айналымы» деген сөздер «Қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды шығару, орналастыру, олардың айналысы және оларды өтеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 22-бапта:

6-тармақта:

«Эмитент» деген сөз «Бағалы қағаздарға ақы төлеу «төлеміне қарай беру» қағидаты бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, эмитент» деген сөздермен ауыстырылсын;

«күннен бастап» деген сөздер «күннен кейін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тіркеушінің» деген сөз «орталық депозитарийің» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Эмитент мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру тәртібін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа болады.»;

15) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«24-бап. Акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп және акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есеп**

**(Жалғасы. Басы 1, 9-19-беттерде)**

мемлекеттік тіркеу, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті бекіту тәртібі, қазақстандық депозитарийлік қолхаттарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есепті жасау және ресімдеу қағидалары, сондай-ақ қазақстандық депозитарийлік қолхаттардың эмитентті сақтауға тиісті талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.»;

**«36-бап. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу»**

1. Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелер, сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқығын басқаға беру уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркелуге жатады.

2. Бір номиналды ұстаушының клиенттері арасында мәміле жасалған кезде бағалы қағаздармен мәмілелерді және операцияларды тіркеуді номиналды ұстаушы жүзеге асырады және ол орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Өтпүрлі номиналды ұстаушылардың клиенттері арасында мәміле жасалған кезде бағалы қағаздармен мәмілелерді және операцияларды тіркеу олардың орталық депозитарийдегі жеке шоттары бойынша, кейіннен номиналды ұстаушыларды есепке алу жүйесінде көрсетіле отырып жүзеге асырылады.

Осы тармақта айқындалған тәртіптен номиналды ұстау жүйесінде тіркелген мәміле орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетілген кезден бастап жасалды деп есептеледі.

3. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жасалатын эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында және қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

4. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу:

1) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрық берген адамның өкілеттіліктерін және осы бұйрық нысанының белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеруді;

2) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықтың тіркелуін;

3) бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықта көрсетілген әрекеттерді жасау мүмкіндігін тексеруді;

4) бұйрықты орындаудан бас тартуға негіздер болмаған кезде бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықта көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыруды;

5) клиентке бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрығының орындалғаны туралы есепті жіберуді қамтиды.

5. Бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тартуға негіздер болған кезде орталық депозитарий бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге бұйрық берген адамды бас тарту негіздері туралы хабарлар етуге міндетті.

Егер осы мәмілені тіркеу үшін ұсынылған құжаттар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінң және (немесе) орталық депозитарийдің қағидалар жинағының талаптарына сәйкес келмесе, орталық депозитарий эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілені орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеуден бас тартуға міндетті.

6. Номиналды ұстауға берілген эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу депоненттердің немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған тиісті бұйрықтары не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Депонент бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депонент клиентінің бұйрығы негізінде ресімдейді.

7. Шоттың шешімі бойынша бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгеруін немесе тоқтатылуын тіркеуді орталық депозитарий (номиналды ұстаушы), заңды күшіне енген, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 226-бабына сәйкес ресімделген сот шешімі негізінде жүзеге асырады.

8. Бағалы қағаздармен мәмілені тіркеуге арналған бұйрықты орындауды орталық депозитарий (номиналды ұстаушы), егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында бұйрықты орындауды өзге мерзімі көзделмесе, күнтізбелік үш күннен аспайтын мерзімде қарсы бұйрық алған кезде жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер болмаған кезде орталық депозитарий, номиналды ұстаушы тіркелген тұлғаларды жеке шоттары (қосалқы шоттары) бойынша өз бетінше жазбалар енгізуге құқылы емес.

10. Жеке шоттар (қосалқы шоттар) бойынша жазбалар енгізуге үшін негіз болып табылатын құжаттар (тіркелген тұлғаны сәйкестендіретін құжаттары қоспағанда) бес жыл бойы сақтауға жатады.

11. Шетелдік бағалы қағаздарға немесе осы Заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйымдарға қатысты құқықтарды есепке алу мен растау ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

12. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша, сондай-ақ банктер қосылу нысанындағы қайта ұйымдастыруды жүргізген кезде олардың бағалы қағаздары бойынша құқықтарды тіркеу ерекшеліктері, егер қайта ұйымдастырылатын банктардың бірі өзіне қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген банк болып табылса, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.»;

26) 38-баптың 1-тармағында;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірмені беру арқылы жүзеге асырылады.»;

екінші бөлікте:

«және тіркеушінің» деген сөздер алып тасталсын;

«ішкі құжаттарында» деген сөздер «қағидалар жинағында» деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 39-бап алып тасталсын;

28) 40-баптың 1-тармағындағы «Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері» деген сөздер «Орталық депозитарийдің есепке алу» деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«41-бап. Бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпия»**

«Эмитенттің акционерлері және осы эмитенттің өздеріне тиесілі акцияларының саны туралы, эмитент және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу және сатып алынған эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу бойынша эмитенттің жеке шоттарындағы эмиссиялық бағалы қағаздардың қалдықтары туралы мәліметтерді қоспағанда, орталық депозитарийдің және номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттардағы эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарының бар-жоғы, қалдықтары, қозғалысы және иелері туралы ақпарат бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны құрайды.»;

30) 43-бапта:

2 және 2-1-тармақтар алып тасталсын;

3-тармақта:

8) тармақшадағы «мекемелерге берілуге тиіс.» деген сөздер «мекемелерге» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай редакциядағы 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) эмиссиялық бағалы қағазды немесе басқа да қаржы құралын ұстаушыға: эмиссиялық бағалы қағаздар немесе басқа да қаржы құралдары бойынша өзінің құқықтарына қатысты не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде оның өкіліне;

10) эмитентке: өзі эмиссияланған бағалы қағаздарға қатысты;

11) лицензияланып бас ұйымна: Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда пруденциялық нормативтерді есептеу, сондай-ақ түзекелерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру мақсаттары үшін;

12) қор биржасына: оның ішкі құжаттарында айқындалған көлемде;

13) екінші деңгейдегі банктің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымға, оның өз жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті көлемде;

14) өзінің пайдасына эмиссиялық бағалы қағаздардың немесе басқа да қаржы құралдарының ауырталпығы, оның ішінде кепіл тіркелген тұлғаға: эмиссиялық бағалы қағаздар немесе басқа да қаржы құралдары бойынша оның құқықтарына қатысты ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтердің тізбесі және мұндай мәліметтерді осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларға беру тәртібі осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.»;

4-тармақ алып тасталсын;

31) 45-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағының 1), 1-1), 2), 3), 4), 5), 6), 6-1), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген қызмет, сондай-ақ депозитарийлік қызмет, бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет және бірыңғай оператордың мемлекетке тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің мүлдітік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстауды жүзеге асыру жөніндегі қызметі бағалы қағаздар нарығындағы қосып қосылма болып табылады.

Бірыңғай оператор мемлекетке тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттік мүлдітік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстауды уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар нарығында қасіби қызметтің мынадай түрлерін:

1) депозитарийлік қызметті;

2) бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті;

3) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті;

4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.

Орталық депозитарий депозитарийлік қызметті және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз ұйым болып табылады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Бағалы қағаздар нарығына қасіби қатысушы клиенттерінің, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың, қор биржасы мүшелерінің қаржы құралдарын бағалы қағаздар нарығына қасіби қатысушы өз меншігіндегі активтерін бөлек есепке алады және ол банкрот болған жағдайда, мүлдітік масаға және (немесе) тарталықпен кезде оның мүлдітін құрамына енгізілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11. Бірыңғай оператор өз қызметін жүзеге асыру барысында осы Заңның 47-1, 49-1, 53 және 53-1-баптарында белгіленген талаптарды сақтайды.

Осы Заңның 54-бабының талаптары бірыңғай оператордың басшы қызметкерлеріне қолданылады.»;

32) 49-бапта:

1-тармақтағы «қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен өлшемдерін (нормативтерін)» деген сөздер «қаржылық тұрақтылықтың сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «., сондай-ақ пруденциялық нормативтер мәнінің сақталуы мен есеп айырысу тәртібін сипаттайтын көрсеткіштердің, лицензиат сақтауға тиісті қаржы тұрақтылығының өзге де көрсеткіштері мен өлшемдерінің (нормативтерінің) түрлері» деген сөздер «түрлері, лицензиаттың сақтауы міндетті қаржылық тұрақтылықтың өзге де нормалары мен лимиттері, олардың мәндерін есептеу тәртібі және әдістемелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 52-бапта:

1-тармақта:

«бірыңғай тіркеуші және» деген сөздер алып тасталсын;

«депозитарий» деген сөзден кейін «және бірыңғай оператор» деген сөздермен толықтырылсын;

«есептер беруге» деген сөздер «есептерді уақтылы ұсынуға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«туралы» деген сөзден кейін «анық және толық» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

«Лицензиаттардың» деген сөз «Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет туралы есептердің тізбесі, нысандары, лицензиаттардың, орталық депозитарий мен бірыңғай оператордың оларды ұсыну кезеңділігі, мерзімдері және тәртібі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«., бірыңғай тіркеушінің және орталық депозитарийдің» деген сөздер алып тасталсын;

«бағалы қағаздар рыногындағы қызметі туралы есептерді беру кезеңділігі, есептердің нысандары және оларды табыс ету тәртібі» деген сөздер алып тасталсын;

34) 53-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша «консультациялық» деген сөзден кейін «және ақпараттық» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «амандардың біліктілігін арттыру бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қор биржасы осы баптың 1-тармағында белгіленген жағдайлардан басқа:

1) қор биржасының интернет-ресурсында қор биржасы мен оның мүшелері ұсынатын көрсетілетін қызметтер туралы жарнаманы, сондай-ақ қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған өзге де ақпаратты жариялауды;

2) қор биржасының материалдық-техникалық құралдарын және өзге де жабдықтарын жалдауға (жалға) беруді жүзеге асыруға құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Банктөртін және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сактандыру (қайта сактандыру) ұйымдарының бағалы қағаздар нарығындағы қызметі Қазақстан Республикасының осы ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамалық актілерінің талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Осы баптың 1-тармағының күші трансфер-агенттің қызметіне қолданылмайды.»;

35) 54-бапта:

2-тармақтың 4) тармақшасындағы «трансфер-агент тіркеушісінің» деген сөздер «трансфер-агенттің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың 1) тармақшасындағы «тіркеушінің.» деген сөз алып тасталсын;

36) 56-бапта:

2-тармақтағы «сауда жүйесінде осы мәміле жасалған.» және «қор биржасы» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

«жасақтау» деген сөз «құру» деген сөзбен ауыстырылсын;

«және қор биржасының ішкі құжаттарында» деген сөздер алып тасталсын;

37) 56-1-бапта:

3) тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің және листинг комиссиясының мүшелері»;

4-тармақта:

1) тармақшадағы «(туынды қаржы құралдарымен)» деген сөздер «және өзге де қаржы құралдарымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша «ұсынымдарды» деген сөзден кейін «немесе ұсыныстарды» деген сөздермен толықтырылсын;

38) 57-бапта:

1-тармақ «дилер» деген сөзден кейін «және мемлекетке тиесілі немесе өздеріне қатысты мемлекеттің мүлдітік құқықтары бар бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды жүзеге асыру бөлігінде бірыңғай оператор» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөліктегі «күңгітзбелік үш күн» деген сөздер «үш жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі «орталық депозитарийдің жеке шоты бойынша жүзеге асырылады, оны ашуды орталық депозитарийдің бұйрығы негізінде тіркеуші жүргізеді» деген сөздер «уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 62-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі «тіркеушінің.» деген сөз алып тасталсын;

40) 63-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

«Брокер және (немесе) дилер уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған тиісті лицензиясы негізінде мынадай банк операцияларын жүзеге асыруға құқылы:

1) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

2) жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;

3) аударым операциялары: төлемдер мен ақша аударымдары бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

4) ақылшлық мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен банктік қарыз операциялары;

5) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қатысуда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру.

Брокердің және (немесе) дилердің осы тармақта көзделген банк операцияларын жүргізу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.»;

2-тармақта:

«., кәсіптік ұйымның ішкі құжаттарында» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудың осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртібін және (немесе) шарттарын бұзғаны үшін брокер және (немесе) дилер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа болады.»;

41) 64-баптың 2-2-тармағындағы «Бағалы қағаздар рыногында» деген сөздер «Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығында» деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 12-тару алып тасталсын;

43) 69-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Өмірді сақтамдыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сактандыру ұйымның инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру шарттары мен тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

Бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар сактандыру ұйымдары болып табылатын инвестициялық портфельді басқарушылардың қызметі «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

44) 70-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығы бар

инвестициялық портфельді басқарушы осы баптың 1-тармағында көзделген функциялардан басқа, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген функцияларды жүзеге асырады.

«Өмірді сактандыру» саласындағы қызметті және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сактандыру ұйымы осы баптың 1-тармағында көзделген функциялардан басқа, «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген функцияларды жүзеге асырады.»;

45) 72-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «тіркеушіге.» деген сөз алып тасталсын;

46) 72-1-бапта:

12-тармақтың бірінші бөлігіндегі «күннен бастап үш ай» деген сөздер «күннен кейін елу жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақ алып тасталсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Осы баптың 14, 15, 16 және 18-тармақтарында белгіленген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.»;

47) 77-1-бапта:

2-тармақтағы «қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және аударым операцияларына лицензиясы бар өзге де ұйым» деген сөздер «қор биржасы және (немесе) клирингтік ұйым және (немесе) аударым операцияларына арналған лицензиясы бар өзге де ұйым» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ «бұйрықтары» деген сөзден кейін «және (немесе) қор биржасының мәміле жасау фактісін растай

**(Жалғасы. Басы 1, 9-20-беттерде)**

дейінгі кезең, оның ішінде акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

облигациялар үшін – облигацияларды шығару перспектiсiнде айқындалған кезең, оның ішінде облигациялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

пайлар үшін – үкiлеттi орган пайлар шығарылымын мемлекеттiк тiркеу туралы шешiм қабылдаған күнiнен бастап және инвестициялық пай қорының қызметi тоқтатылған күнге дейінгі кезең, оның ішінде пайлармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін;

өзге эмиссиялық бағалы қағаздар үшін – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару шарттарында айқындалған кезең, оның ішінде осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін.

5. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат деп:

- 1) акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер;
- 2) эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органын функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамын көрсете отырып, эмитенттің басқару органын (байқаушы кеңесін), атқарушы органын (атқарушы органын функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) құрамындағы өзгерістер;
- 3) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлес-терінің) он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамындағы өзгерістер;
- 4) эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып табымайтын эмитенттің мынадай шешімдерді қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органы қабылдаған:

акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру;

орналастыру (откізү), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (откізiлетiн) акциялардың саны, оларды орналастыру (откізү) тәсілі мен бағасы;

егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының көп пайызынан асып түссе, эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алу және оларды сатып алу бағасы;

облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару;

ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасауға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдаған күнге қуны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлкісті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасау жөніндегі шешімдер;

5) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалы міндеттемелерін акционерлік қоғамның жай акцияларына конвертациялау;

6) акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау;

7) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгерістер;

8) акционерлік қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасауға мүдделілігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдаған күнге қуны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлкісті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы туралы мәліметтер түсініледі.

Соның нәтижесінде акционерлік қоғам активтері мөлшерінің он және одан көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ болған кезде, мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс;

9) эмитентті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның емішілесе және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;

10) эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілден (қай кепілден) шығару;

11) қуны эмитент активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің мүлкіне тыйым салу (мүлкітен тыйым салу);

12) эмитент активтерінің жалпы баланстық қуны мөлшерінің жинарма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде эмитенттің қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есепке жазылған сыйқамыны толық өтеу туралы;

13) солардың нәтижесінде баланстық қуны эмитент активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құраған эмитенттің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

14) сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау;

15) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру);

16) мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі;

17) эмитенттің жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару перспектiсiне сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы мәліметтерді түсініледі.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жариялаудың (бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің) өзге мерзімдері көзделмеген жағдайда, эмитент осы ақпаратты ол туындаған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде жария етеді.

Эмитент қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында осы баптың талаптарына сәйкес ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жария етуді қамтамасыз етеді.

7. Эмитенттің ақпаратты жария ету тәртібі, эмитенттің жап-тарту етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Эмитенттің ақпаратты жария ету тәртібі, жария етілуге жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ ақпаратты қор биржасының интернет-ресурсында жария ету мерзімдері қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

8. Осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттеріне және халықаралық қаржы ұйымдарына қолданылмайды.;

59) 105-бапта:

1-тармақта:

«Тіркеушінің» деген сөз «орталық депозитарийге» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүзінсізіндегі және» деген сөздер «орталық депозитарийдің есепке алу жүзінсізіндегі және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«күнтізбелік он күн» деген сөздер «он жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

«Тіркеуші» деген сөз «Орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Бағалы қағаздарды ұстаушылардың», «Бағалы қағаздарды ұстаушылардың» деген сөздер тінінше «тіркелген тұлғадан», «тіркелген тұлғаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

«және» деген сөз «және (немесе)» деген сөздермен ауыстырылсын;

60) 106-бап алып тасталсын.

20. **«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №15, 132-құжат; 2004 ж., №11-12, 66-құжат; №16, 91-құжат; 2005 ж., №14, 55-құжат; №23, 104-құжат; 2006 ж., №3, 22-құжат; №4, 24-құжат; №8, 45-құжат; №13, 85-құжат; №15, 95-құжат; 2007 ж., №4, 28-құжат; 2008 ж., №17-18, 72-құжат; 2009 ж., №17, 81-құжат; №19, 88-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; №17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., №11, 102-құжат; №24, 196-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; 2013 ж., №10-11, 56-құжат; 2014 ж., №10, 52-құжат; №11, 61-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №15, 78-құжат; №21-1, 128-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; 2017 ж., №4, 7-құжат);

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қаржылық көрсетілген қызметтер – сақтандыру нарығына, бағалы қағаздар нарығына, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына қатысушылардың қызметі, банк қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың қызметі, сондай-ақ:

біріншай жинақтаушы зейнетақы қорының;

тіркеушінің;

орталық депозитарийі;

мемлекетке тиесілі немесе оларға қатысты мемлекеттің мүлкітік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстау функцияларын жүзеге асыру бөлігінде мемлекеттік мүлкісті есепке алу саласындағы біріншай оператордың;

өзара сақтандыру қоғамдарының лицензиялауға жатпайтын қызметі»;

2) 9-баптың 1-тармағының 7-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1) қаржы ұйымдары, банк және сақтандыру холдингері акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысына қатысу үшін өз өкілін жібереді»;

3) 11-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтан-дыру резервтерін қалыптастыруына, сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілейді»;

3) тармақша алып тасталсын;

5) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) сақтандыру полистерінің мазмұнына және оларды ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді»;

«8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы белгілеген (шарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында) мерзімдерді бұза отырып орындаған шарттарды есепке алу тәртібін айқындайды»;

4) 12-баптың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакци-яда жазылсын:

«2) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың, исламдық бағалы қағаздардың, туынды бағалы қағаздардың шығарылымдарын мемлекеттік тіркесуді, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар (облигациялық бағдарламалардың проспектілері), исламдық бағалы қағаздар шығарылымының проспектілеріне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркесуді жүзеге асырады;

акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есептерді, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғамның акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есептерді, исламдық бағалы қағаздар мен туын-ды бағалы қағаздарды орналастыру немесе өтеу қорытындылары туралы есептерді, облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаларды қарайды және бекітеді;

акциялар мен облигациялар шығарылымдарының күшін жоюды жүргізеді;

3) бағалы қағаздарды, оның ішінде туынды бағалы қағ-здарды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу шарт-тары мен тәртібін айқындайды».

21. **«Түроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., №24, 179-құжат; 2006 ж., №1, 5-құжат; №3, 22-құжат; 2007 ж., №8, 52-құжат; 2008 ж., №13-14, 57-құжат; 2009 ж., №17, 81-құжат; №24, 134-құжат; 2011 ж., №12, 111-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; 2014 ж., №14, 84-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №20-IV, 113-құжат; №22-VI, 159-құжат; 2016 ж., №6, 45-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат);

1) тақырыптағы және бүкіл мәтін бойынша «Түроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі», «түроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі», «түроператордың немесе турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі», «Түроператордың не-месе турагентінің жауапкершілігі», «түроператордың немесе турагенттің жауапкершілігі» деген сөздер тінінше «Туристі», «туристі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ассистанс – ассистанс компанияның сақтандырылушыға сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан техникалық, медициналық және өзге де жәрдемдесу арқылы көмекті ұйым-дастыруы;

2) ассистанс компания – туристі міндетті сақтандыру шар-ты шеңберінде сақтандырушымен шетелге шығатын туриске (сақтандырылушыға) ассистанс беру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;

3) пайда алушы – осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алу-шы болып табылатын тұлға;

4) сақтандыру жағдайы – басталғанынан кейін туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

5) сақтандыру оғұдесманы – «Сақтандыру қызметі тура-лы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз және тұлға;

6) сақтандыру сертификаты – жасалған сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) растау үшін сақтандырушы ресімдеген, сақтандырылушыға қатысты қолданыстағы сақтандыру арқылы қорғаудың бар екені туралы куәландыратын және сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыруды жабу талаптары туралы ақпаратты қамтитын құжат;

7) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтанды-рылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

8) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандырушының туристі міндетті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтанушы оған төлеуіне міндетті болатын ақша сомасы;

9) сақтандыру төлемі – сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

10) сақтандырушы – «жалпы сақтандыру» саласында не-месе «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) шартта айқындалған сом (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуіне міндетті сақтандыру ұйымы;

11) сақтандырылушы – шетелге шығатын турист;

12) сақтанушы – сақтандырылушының пайдасына сақтан-дырушымен туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан шығу туризмі саласындағы түроператор;

13) турагент – шығу туризмі саласындағы түроператор қалыптастырған туристік өнімді алу ішпелету мен өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

14) туристі міндетті сақтандыру – сақтандырылушының осы Заңда көрсетілген оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстардың туындау тәуекеліне байланысты мүлкітік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кеңейі»;

3) 3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Туристі міндетті сақтандырудың мақсаты осы Заңда көрсетілген, сақтандыру жағдайлары ретінде танылатын оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстар туындаған жағдайда, сақтандырылушының мүлкітік мүдделерін сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.»;

2-тармақта:

1) тармақшадағы «туристің мүлкітік немесе өзге де» деген сөздер «сақтандырылушының мүлкітік» деген сөздермен ауы-стырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) шығу туризмі саласындағы түроператордың туристі міндетті сақтандыру шарты болған кезде әрбір туриске қатысты өз қызметін жүзеге асыру»;

3) тармақшадағы «немесе» деген сөз «және» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Туристі міндетті сақтандыру объектісі

Осы Заңда көрсетілген сақтандыру жағдайларының ба-сталуы салдарынан өмірiне, денсаулығына зиян келтірілген сақтандырылушының мүлкітік мүдесі туралы міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.»;

5) 5-бапта:

1) және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Шығу туризмі саласындағы түроператордың осы Заңда белгіленген туристі міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндетті орындауын мемлекеттік бақылауды туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

«3. Шығу туризмі саласындағы түроператордың туристі міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндетті орын-дауын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге нысан-дары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.»;

6) 6-және 7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

**«6-бап. Туристі міндетті сақтандыруды жүзеге асыра-тып тұлғалар**

Сақтандырылушының мүлкітік мүдделерін міндетті сақтандыруды шығу туризмі саласындағы түроператор жүзеге асырады.

**7-бап. Шығу туризмі саласындағы түроператордың туристі міндетті сақтандыру шартын жасаспн қызметті жүзеге асыруына жол бермеу**

Шығу туризмі саласындағы түроператор туристі міндетті сақтандыру шартын жасаспн туристік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқылы емес.»;

7) 7-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға туристі міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына арналған лицензияны алғанға дейін»;

1) «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шартын;

2) сақтандырылушы уақытша болатын елде (жерде) тәулік бойы жұмыс істейтін көптілі үйістері орталығы және өңірлік желісі бар ассистанс компаниямен шетелге шығатын тури-ске (сақтандырылушыға) осы Заңда көрсетілген сақтандыру жағдайлары ретінде танылатын оқиғалар басталған кезде асси-танс беру туралы шарт жасауға немесе сақтандырылушыға ұсынылатын қызметтерді көрсетуге лицензиялары бар тасы-малдаушылармен, медициналық және өзге де мекемелермен шарттар жасасуға міндетті.

Әрбір сақтандырылушы және сақтандыру жағдайы бойынша

ассистанс компания беретін ассистанс көлемі сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемімен айқындалады.

Сақтандырушы сақтандырылушыға ассистанс беру туралы шарт жасасатын ассистанс компанияға қойылатын талаптар, сондай-ақ сақтандырушының ассистанс компаниямен өзара іс-қимыл жасау тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»;

2-тармақ алып тасталсын;

8) 2-арау мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

**«7-2-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасау**

Сақтандыру жағдайының басталу фактісін растау және сақтандырылушының мүлкітік мүдделеріне келтірілген зия-нды өтеудің мөлшерін айқындау үшін қажетті ақпаратқа ие мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға, сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға), сақтандыру оғұдесманына олар өтініш жасаған кез-де беруге міндетті.»;

9) 8-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Туристі міндетті сақтандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында сақтандырылу-шының пайдасына жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандырылушының ерікті сақтандыру шартын жаса-сұм сақтанушыны туристі міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндеттен босатпайды.»;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

«пайда алушыға» деген сөздер «сақтандырылушыға (пайда алушыға)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«туристің моральдық зиянды және ала алмаған пайданың өтеміне байланысты талаптарын» деген сөздер «моральдық зия-нды және ала алмаған пайданы өтеуге байланысты талаптарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 және 5-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Туристі міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға электрондық нысанда сақтандыру полисін же-не сақтандыру сертификатын ресімдеуді арқылы жасалады.



**(Жалғасы. Басы 1, 9-21-беттерде)**

заңнамасында, туристі міндетті сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігін шекті көлемдері еуромен белгіленеді.

3. Залалдарды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтандырылушы шеккен шығыстарды сақтандырушы, тіпті, егер тіпсті шаралар сәтті болмаса да, егер осындай шығыстар сақтандырылушының нұсқаларын орындау үшін қажет болса немесе жүргізілген болса, өтеуге тиіс.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемақысының жалпы сомасы туристі міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтандырылушының нұсқаларын сақтандырылушының орындауы салдарынан туындаған болса, олар туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша оған тиесілі болатын сақтандыру сомасына қарамастан, толық мөлшерде өтеледі.

Көрсетілген шығыстарды сақтандырушы шығыс шеккен тұлғаға тікелей өтейді.

**15-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері**

1. Туристі міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша әрбір күн үшін жеке есептеледі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі сақтандыру шарты жасалған күнге белгілеген бағам бойынша АҚШ долларымен бір сапар үшін төмендегідей мөлшерлерді құрайды:

| Сапар күндерінің саны    | 1-бағдарлама | 2-бағдарлама | 3-бағдарлама |
|--------------------------|--------------|--------------|--------------|
| 10 күнге дейін           | 1,12         | 1,51         | 1,83         |
| 11 күннен 20 күнге дейін | 1,12         | 1,48         | 1,70         |
| 21 күннен 40 күнге дейін | 1,12         | 1,43         | 1,59         |
| 41 күннен 60 күнге дейін | 1,03         | 1,40         | 1,53         |
| 61 күннен 90 күнге дейін | 1,03         | 1,35         | 1,48         |
| 91 күн және одан көп     | 0,95         | 1,30         | 1,40         |

Сақтандыру сыйлықақысын есептеу мақсаттары үшін жолда болу уақытын қоса алғанда, сақтандырылушының уақытша болатын елдің (жердің) аумағында болатын күндердің саны (мерзім) пайдаланылады.

Туристі міндетті сақтандыру шартында сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандырушы жауапкершілігін шекті көлемдері еуромен белгілеген кезде халықаралық шарттарда, уақытша болатын елдің (жердің) заңнамасында көзделген жағдайларда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір сақтандырылушы бойынша жеке есептеледі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сақтандыру шарты жасалған күнге белгілеген бағам бойынша еуромен жоғарыда көрсетілген мөлшерлерді құрайды.

2. Туристі міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы баптың 1-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін сақтандыру тәуекеліне өзі жүргізген бағалау нәтижелері бойынша ұлғайта алады, бірақ ол екі еседен аспауға тиіс.

**16-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі**

1. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы төлеммен төлейді.

2. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

**17-бап. Сақтандыру жағдайы және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау**

1. Туристі міндетті сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін басталған мынадай оқиғалар:

1) сақтандыру аумағында болған, сақтандырылушының қайтыс болуына не оның денсаулығына зиян келтіруге алып келген жазатайым оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады.

Жазатайым оқиға деп сақтандырылушыға қатысты аяқ астынан, күтпеген жерден орын алған, қасақана болмаған сыртқы оқиға немесе әсер етуі түсініледі;

2) денсаулығына елеулі зиянды болғызбау немесе өміріне төнген қауіпті жою үшін сақтандырылушыға шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуді талап ететін, кенеттен қатты ауыру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы ауруының асқинуы сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырылушының іс жүзіндегі шығыстарының сомасын негізге ала отырып, сақтандырылушы не ассистанс компания ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде айқындайды.

**18-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру шарттары мен тәртібі**

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандырылушы не сақтандырылушыға ассистанс берілген кезде ассистанс компания сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда қояды.

Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түріндегі құжаттар қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушінің сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын сақтандырылушының тұрған жері бойынша ұсынудан босатылады.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар: 1) сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың немесе шекаралық бақылау-өткізу пунктіндегі Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткені туралы белгілі бар паспорттың және (немесе) сақтандырылушының сақтандыру аумағында болуына негіз болып табылатын құжаттың көшірмесі;

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландыруын көшірмесі, оның ішінде:

медициналық көмекке өтініш жасаған күні, сақтандырылушының медициналық көмекке өтініш жасаған кездегі денсаулық жағдайы, диагнозы, дәрігердің тағайындауы (рецепті) туралы, жүргізілген медициналық манипуляциялар және саны, күні мен құны бойынша бөліне отырып, берілген дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын, медициналық мекеменің және дәрігердің мекемежайы мен байланыс деректері көрсетілген медициналық құжаттар;

сомасы, валютасы, төлеу күні көрсетіле отырып, сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан сақтандырылушыға көрсетілген медициналық және өзге де қызметтердің ақсиын төлеу фактісін растайтын құжаттар;

атауы, саны мен құны көрсетіле отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге аяқ төлеу фактісін растайтын құжаттар (тауар чектері, шот-фактуралар, аяқ төлеу туралы квитанциялар және өзге де құжаттар);

жазатайым оқиға болған кезде – сақтандырылушының психикалық белсенді заттарды тұтыну фактісін және масан құйын анықтау бойынша медициналық құжаттар;

жазатайым оқиға болған кезде – жазатайым оқиға фактісін және оның орын алу мән-жайын растайтын құқық қорғау, сот органдарының және өзге де құзыретті органдардың құжаттары; сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда – қайтыс болу себебі көрсетіле отырып, қайтыс болғаны туралы куәлік, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы немесе патологиялық-анатомиялық ашып қарау хаттамасы; уақытша болатын елде (жерде) мәжбүрлі түрде анағұрлым ұзақ мерзім болған кезде не сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан Қазақстан Республикасының аумағына мерзімінен бұрын оралған кезде – жол жүру құжаттарының (билеттер, отырықтар талондары) күшін жоюды немесе оларды ауыстыруды, қомақ үйде брондаланғанын, сондай-ақ шетеледе болған мерзімінің пайдаланылмаған бөлігі үшін сақтандырылушыға ұсынылған басқа да туристік көрсетілетін қызметтерден бас тартуды растайтын құжаттар;

сақтандырылушының көмелетке толмаған балаларын және (немесе) жакын туыстарын тасыған кезде – жол жүру құжаттары (билет, отырықтар талондары);

сақтандыру сертификаттың немесе сақтандыру полисіне көрсетілген телефон нөмірлері бойынша сақтандырушыға және ассистанс компанияға телефон соғудың, хабарлардың жүзеге асырылғанын растайтын құжаттар;

залалдарды болғызбау және азайту бойынша шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар; пайда алушының жеке басын және құқықтарын растайтын құжаттар, қажет болған кезде, ұсынылады.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, анықтана беруге міндетті.

Өтініш беруші сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жөнелткен жағдайда сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде сақтандырушы сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

5. Сақтандырылушы айқындаған тұлға, ал сақтандырылушы қаз тапқан кезде оның мұрагерлері пайда алушы болып табылады.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін: осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кейіншегі, сақтандыру жағдайының басталуы және ассистанс компанияны дәлелді ескертермен бұл туралы хабардар етпей сақтандырылушының шұғыл жағдайда медициналық көмек алуы салдарынан сақтандырылушының шығыстарын өтеу; ассистанс компаниямен келісу бойынша сақтандырылушыға

медициналық және өзге де мекеме көрсеткен қызметтер құнын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен төлеу арқылы жүргізеді.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне туристі міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы дау айтқан жағдайларда, сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім ішінде, аталған тұлғалардың бірде-біреуі дау айтпайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандыру төлемінің дау айтылатын бөлігін сақтандырушы соттың татуласу келісімі туралы ұйғарымы немесе, егер сот шешімді дереу орындауға жібермесе, соттың осы дау бойынша шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

8. Туристі міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

9. Сақтандырушы сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырылушыға (пайда алушыға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

**19-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы**

Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге кінәлі тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде өтеді.;

16) 20-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) сақтандырылушының сақтандыру жағдайын туындауға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттерінің;

2) сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.»;

2-тармақта:

1) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандырылушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы.»;

«4) әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша іс жүзінде шеккен шығыстар негізге алына отырып ұсынылатын құжаттарды қоспағанда, сақтандырылушының осы Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса берілетін құжаттарды сақтандырушыға толық көлемде ұсынбауы.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген негіздерден басқа, сақтандырушы мынадай:

1) сақтандырылушы кәсіби спортпен айналысқан;

2) сақтандырылушының мынадай:

емдеуші дәрігердің нұсқамасы бойынша дәрілік заттарды тұтыну;

құқық қорғау органы және (немесе) сот анықтаған, есірткі, уытқұмарлық заттарды мәжбүрлі түрде тұтыну не олардың құрылғы енгізілу жағдайларын қоспағанда, алкоғолдық, сондай-ақ есірткілік немесе уытқұмарлық масан күйдің ауыр дәрежесінде болуы салдарынан басталған оқиға;

3) сақтандырылушы уақытша болатын елден (жерден) Қазақстан Республикасына медициналық тасымалдаудан немесе сақтандырылушы сақтандыру жағдайы бойынша өтініш жасауға байланысты алған емдеуші дәрігердің нұсқамаларын орындаудан ерікті түрде бас тартқан жағдайларда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.»;

17) 5-тарау мынадай мазмұндағы 20-1-бапмен толықтырылсын:

**«20-1-бап. Туристі міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы, сақтандырылушы (пайда алушы): талаптарды көрсете отырып және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не

туристі міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан, сақтандырылушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы, сақтандырылушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, сақтандырылушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысы бар құжаттарды сұрау салу алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.»;

18) осы Заңға қосымшаға сәйкес көрсетілген Заңға қосымшамен толықтырылсын.

**22. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., №5, 26-құжат; 2006 ж., №1, 5-құжат; №3, 22-құжат; №16, 100-құжат; 2007 ж., №8, 52-құжат; 2009 ж., №18, 84-құжат; №24, 134-құжат; 2010 ж., №5, 23-құжат; 2011 ж., №1, 2-құжат; №11, 102-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; №15, 97-құжат; 2013 ж., №14, 75-құжат; 2014 ж., №2, 10-құжат; №7, 37-құжат; №14, 84-құжат; №19-1, 19-11, 96-құжат; №23, 143-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №20-IV, 113-құжат; 2018 ж., №1, 4-құжат; 2018 жылғы 28 мамырда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 24 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы).

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.»;

2) мынадай мазмұндағы 5-3-бапмен толықтырылсын:

«5-3-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл жасау

Қолайсыз табиғат құбылыстары және олардың салдары туралы апаратқа не жергілікті атқарушы органдар, өсімдік шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға және сақтандыру омбудсманына олар өтініш жасаған кезде беруге міндетті.»;

3) 11-баптың 4-тармағындағы «сотқа» деген сөз «сотта» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 14-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызшыны абзацтармен толықтырылсын:

«сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге.»;

5) 15-баптың 1-тармағының бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 17-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге»;

өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге»;

6) мынадай мазмұндағы 17-1-бапмен толықтырылсын:

**«17-1-бап. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері**

1. Міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (пайда алушы):

талаптарды көрсете отырып және өзінің талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не

міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.

2. Сақтанушы сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысы бар құжаттарды сұрау салу алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.»;

**23. «Инвестициялық қорлар туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., №16, 90-құжат; 2006 ж., №16, 103-құжат; 2007 ж., №2, 18-құжат; №4, 33-құжат; 2008 ж., №17-18, 72-құжат; №20, 88-құжат; №23, 114-құжат; 2009 ж., №2-3, 16, 18-құжаттар; 2011 ж., №24, 196-құжат; 2012 ж., №13, 91-құжат; 2014 ж., №4-5, 24-құжат; 2015 ж., №8, 45-құжат; №22-VI, 159-құжат);

1) 1-бапта:

1) тармақша «ақцияларын» деген сөзден кейін «, заңды тұлғаның акционерлік инвестициялық қор етіп қайта құрылуы нәтижесінде қабылданған өзге де активтерді» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша «ақцияларын» деген сөзден кейін «, заңды тұлғаның жылжымайтын мүлік қоры етіп қайта құрылуы нәтижесінде қабылданған өзге де активтерді» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-бапта:

1-1-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы «6), 9) және 12)» деген сөздер «6) және 9)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі «тіркеуші» деген сөз «орталық депозитарий» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген тыйым салу тәуекелмен инвестициялайтын акционерлік инвести

**(Жалғасы. Басы 1, 9-22-беттерде)**

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сактанушыны (сактандырылушыны) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыруы талаптарымен, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан туындайтын тараптардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыруға;

2) сактанушыға (сактандырылушыға) сактандыру полисін ресімдеуге»;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен және 5) тармақшадағы «камтамасыз етуге міндетті.» деген сөздер «камтамасыз етуге» деген сөздермен ауыстырылып, 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) сактандыру жағдайының басталу фактісін және сактандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға»;

«6) сактанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сактанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

7) сактанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сактандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сактандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті»;

7) 14-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сактандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Заңның 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сактандырушыға не сактандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сактандыру омбудсманына (тікелей сактандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сактандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге»;

8) 17-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Сактандырушы сактандыру сыйлықақысын сактандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.»

9) 19-бапта:

1-тармақта:

тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өтініш берушінің қалауы бойынша сактандыру төлемі туралы талап сактандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сактандыру төлемі туралы талап өтініш берушінің сактандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын сактандырушының тұрған жері бойынша ұсынуға босатайды.»

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

